

БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ – ҚҰРЫЛТАЙ

Сарқылтмасын Сыр - Ана!



№8
(1815)
26 ақпан
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақжамыт Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

КӨКТЕМГІ ЕГІС КЕП ҚАЛДЫ...

Көктем келіп қалды. Егін егетіндер қыс ұйқысынан оянып, әзірлікке кірісті. Үкімет те. Қыстың соңғы аптасында өткен Үкімет отырысында көктемгі егіске әзірлік барысы қаралды.

Үкімет басшысы О.Бектеновтің айтуынша биылғы жылы да Үкімет егістен қаржы аяп отырған жоқ. “Егін егу және күзгі жиын-терім жұмыстарына бөлінген қаржы 1 трлн. теңге болып отыр”. Оның ішінде техниканы лизингке алуға 300 млрд. теңге қаралыпты”. Дикандар үшін жеңілдетілген бағамен 402 мың тонна жағармай бөлінбекші.

Жарайсың, Үкімет! Алайда, Бектеновтің тағы бір айтқаны “үшінші жыл қатарынан қомақты қаржы бөлінуі – Мемлекет басшысының қолдауы”.

Биылғы егіске басты талап: көбірек табыс әкелетін, әсіресе экспортқа шығатын және нарықта жоғары сұранысқа ие дақылдардың егіс алқаптарын кеңейту керек.

Үкімет отырысында баяндама жасаған Ауыл шаруашылығы министрі А.Сапаров:

– «Министрлік облыс әкімдіктерімен бірлесіп 2026 жылға егіс алқаптарының болжамды құрылымын бекітті. Ол бидай алқаптарын қысқарту және жоғары сұранысқа ие дақылдардың үлесін ұлғайту бойынша әртараптандыру жұмыстарын жалғастыруға бағытталған. Биыл жалпы егістік аумағы шамамен 123,8 млн. гектар құрайды, бұл өткен жылдан 180 мың гектарға көп. Соның ішінде майлы дақылдар алаңы 55 мың гектарға, азықтық дақылдар 242 мың гектарға, арпа 94 мың гектарға, ал ұйымдастырылған шаруашылықтардағы картоп алаңдары 10 мың гектарға көбейеді. Бұл ретте бидай егіс алаңы 125 мың гектарға қысқартылып, 12,1 млн. га құрайды.

Сонымен қатар Премьер-министрдің тапсырмасына сәйкес жүгеріні терең өңдейтін инвестициялық жобаларды шикізат базасымен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. Осыған байланысты жүгері бойынша әртараптандыру индикаторларын қайта қарап, оның егіс алқаптарын кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Биыл жүгері алқаптарын 265 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда, бұл өткен жылмен салыстырғанда 90 мың гектарға көп», — депті.

Министрдің тағы бір айтқаны “республиканың оңтүстік өңірлерінде күріш пен мақта сияқты суды көп қажет ететін дақылдар алаңын оңтайландыру жұмыстары жүргізілуде. Мысалы су пайдалану лимиттерін сәйкес күріш алаңы 20 мың гектарға қысқартылады”.

Жақсы жаңалық та бар. Биылғы егін егу және егін жинау жұмыстарына жеңілдетілген кредит беруге 700 млрд. теңге бағытталады. Министр “ерте қаржыландырудың арқасында шаруалар қажетті көлемдегі сапалы тұқымдарды, минералдық тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, сондай-ақ жанар-жағармай материалдары мен техниканы алдын ала және қолжетімді бағамен сатып алу мүмкіндігіне ие болды” — деп үмітті.

Егін егетіндердің ең бір қиналатын тұсы – жағар май жетіспеушілігі, әрі оның бағасының науқанда қымбаттайтындығы. А.Сапаров “биыл егіс науқанын сапалы әрі уақтылы жүргізу үшін құны нарықтан 15%-ға арзан болатын 402 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінгендіктен” диқан қауымы жағар майға жалыншыты бола қоймас деген кейіпте.

Биылғы егіске өңір әкімдері де жарап тұр, олардың мәліметі бойынша өңірлер “Тұқым дайындауды толық қамтамасыз еткен”.

Су ресурстары және ирригация министрі Н.Нұржігітов су лимитіне байланысты қатаңдық танытып отыр. Ол өз баяндамасында «облыс әкімдіктеріне су алу лимиттерін қатаң сақтау, оның ішінде күріш егіс бойынша белгіленген лимиттерді ескеру ұрынды деп санаймыз: Түркістан облысында – «Достық» каналы бойында күріш егуді толықтай тоқтату, Қызылқұм каналы бойында – 3,5 мың гектардан аспау;

Қызылорда облысында – 70 мың гектардан аспау. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Шардара су қоймасы жинақтау режиміне ауыстырылды. Су беру режимдері келісілген деңгейде сақталған жағдайда су қоймасына кемінде 8,3 млрд. текше метр су келуі күтілуде. Бұл Шардара су қоймасын шамамен 5 млрд. текше метрге көлемінде толтыруға, Көксарай контрретегішін 2 млрд. текше метр көлемге дейін жинақтауға және Қызылорда облысына шамамен 1,3 млрд. текше метр су жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта өңірлерде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері арасында су үнемдеу қажеттілігі, суды аз қажет ететін дақылдарға көшу, сондай-ақ су беру бойынша шарттарды электрондық форматта жасасу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспар аясында министрлік Бас прокуратурамен бірлесіп судың «қара нарығын» жою жөніндегі Жол картасын қабылдады. Жол картасы шеңберінде министрліктің құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы көзделген. Судың «қара нарығының» тәуекел аймақтары айқындалып, су пайдаланушы мен су тұтынушы арасындағы шарттық қатынастарды цифрландыру басталды, цифрлық және спутниктік мониторинг құралдары енгізілуде. 2026 жылы судың «қара нарығының» алдын алуға, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде заң бұзушылықты болдырмауға бағытталған бақылау және инспекциялық іс-шараларды күшейту жоспарлануда. Жол картасында цифрландыруға ерекше мән берілген. Осы жылдың басынан бастап Министрлік фермерлермен су беру жөніндегі шарттарды электрондық форматта жасасуға көшу жұмыстарын жүзеге

Бұл бағытта өңірімізде құны 40 млрд теңгеге жүгеріні терең өңдеуге бағытталған «Қызылорда крахмал-сірне зауыты», құны 51 млрд. теңгеге швейцариялық «Харвест Групп» компаниясының техникалық қарасора, жүгері, соя өсіру және оны өңдеу жобасы, «Семеноводство» серіктестігімен су үнемдеу технологиясымен жүгері егу жобалары жүзеге асырылуда. Жобалар аясында биыл жүгері дақылын 10 мың гектарға орналастырып, алдағы уақытта да ұлғайту жоспарлануда”, — деп егінді әртараптандыруға тоқталды.

Үкімет отырысында кеңінен талқыланған су үнемдеу мәселесі әрдайым облыс әкімі назарында. Мәселен “Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес су ресурстарын тиімді пайдалану, су шығынын азайту мақсатында облыста су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы облыс бойынша тамшылатып, жаңбырлатып суару әдісімен 8 мың 100 гектар егіс егілді. Биылғы жылы су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемін 16 мың 700 гектарға жеткізу межеленген. Егістіктердегі су шығынын азайту мақсатында өткен жылы 60 мың гектар күріш алқаптары лазерлік тегістеуден өткізілді. Нәтижесінде диқаннар суды 20 пайызға үнемдей отырып, өнімділікті арттыруға қол жеткізді. Биыл бұл көрсеткішті 65 мың гектарға жеткізу көзделуде”.

Биылғы көктемгі егіске дайындығымыз да ел қатарлы. Әкім баяндамасында айтылғандай: Бүгінгі күні көктемгі егін жұмыстарына ауыл шаруашылығы құрылымдары қажетті тұқымдармен 100 пайыз қамтамасыз етілді. 2026 жылға қажетті 65 мың 600 тонна тыңайтқыштардың бүгінгі күні 18 мың 500 тоннасы сатып алынды. Отандық тыңайтқыш өндірушілерге аванстық субсидиялау бойынша тиісті қаражаттар аударылды. Егін егу жұмыстарына қатысатын 3 975 бірлік ауыл шаруашылығы техникаларының 90 пайызы жөндеуден өткізілді. Қалғаны 1 наурызға дейін толық дайын болады. Энергетика министрлігі тарапынан көктемгі егіс жұмыстарына 10 мың 100 тонна дизель отыны бөлінді. Шаруаларға кестеге сәйкес таратылатын болады. Ерте егілетін дақылдарды себу жұмыстары наурыз айының бірінші онкүндігінде, күріш егу жұмыстары сәуір айының үшінші онкүндігінде басталады”.

Үкімет отырысы аяқталғаннан соң облыс әкімі Н.Нәлібаев осы тақырыпта облыс әкімдігінің мәжілісін өткізіп, тиісті сала басшыларына науқанға сай тапсырмалар берді.

– Қазіргі таңда су ресурстарының тапшылығы жаһандық деңгейдегі ең өзекті мәселелердің біріне айналғаны белгілі. Мемлекет басшысы су ресурстарын тиімді пайдалану, үнемдеу технологияларын енгізу және су жүйелерін цифрландыру жұмыстарына ерекше мән берді.

Су лимитіне сәйкес жоспарланған көлемнен

артық бірде-бір гектар жерге егін егілмеуі тиіс. Бұл мәселені қатаң бақылауға алу қажет, себебі ол Үкіметтің ерекше назарында. Судың магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы егіс алқаптарына жеткізілуіне, ауыспалы егіс тәртібінің сақталуына тұрақты мониторинг ұйымдастырылсын, — деп Нұрлыбек Машбекұлы Су ресурстары және ирригация министрі Н.Нұржігітов қатайғандай егінді артық егіп, артық өнім аламын деп лимиттен тыс су пайдаланғысы келетіндерге қатаң ескертті.

Облыс әкімдігі жиналысында бұдан бөлек аймақ басшысы көктемгі мұз жүру кезінде су алу қаупі бар тұстардағы қауіпсіздік шараларын күшейтуді, Қармақшы, Қазалы және Нрал аудандарының әкімдіктеріне облыстық төтенше жағдайлар департаментімен және «Қазсушар» Қызылорда филиалымен бірлесіп, өзен арнасына тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыруды, мұздың өту барысын тұрақты бақылауды тапсырды.

Көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысы қаралған облыс әкімінің төрағалығымен өткен мәжілістен соң жиында көтерілген мәселе бойынша қала, аудан әкімдіктерінде де осындай жиын өтті.

Еліміздегі қалалар арасында ауылдары бар айрықша қала Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов алдағы міндеттерді пысықтады.

Өрине, қазір қала шаруашылықтарында көктемгі дала жұмыстарына дайындық белсенді жүруде. Биылғы жылы қала бойынша күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда бірнеше гектарға аз егіледі. Оның орнына суды аз қажет ететін дөңді дақылдар орналастырылады. Өйткені, су тапшылығы ерекше сезілуі ықтимал. Осыған байланысты су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдануға енгізу қажет. Сонымен қатар егістік жерлерді лазерлік тегістеуден өткізіп, тамшылатып және жаңбырлатып суару әдістерін пайдаланған жөн.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі шаруалардың кеткен шығындарын өтеу үшін 10 млрд. теңгені «Инвестициялық субсидиялау» бағдарламасына бағыттады. Бұл бағдарламада су үнемдеу жобасының 50 пайызы және инфрақұрылым жүргізуге кеткен шығынның 50 пайызы мемлекет тарапынан субсидияланатын болады. Осы ретте, су үнемдеу технологияларын кеңінен пайдаланып, кеткен шығындарын субсидиялау туралы шаруаларға сала мамандарымен бірлесіп, түсіндірме жүргізу қажет, — деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында шаһар басшысы көктемгі дала жұмыстарын күшейтіп, диқаннарды қажетті тыңайтқыштармен, жанар-жағар маймен, тұқыммен қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, жұмысты жандандырып, шаруаларға берілетін көмектердің жылдам әрі жүйелі түрде үйлестірілуі бақылауда болуын ескертті.

асыруда. Аталған жүйе шаруаларды сумен қамтамасыз етудің толық циклін, су алуға өтінім беруден бастап шарт жасасу, нақты су тұтынуды дәл есепке алу және кейінгі төлем жүргізуге дейінгі барлық үдерістерді қамтиды, — дейді.

Үкімет отырысында егін егетін өңір басшыларының бірқатары өздерінің көктемгі егіске даярлығын баяндады. Жиында селекторлық режимде қатысқан Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев та өңірде қысқартылған күріш алқаптарының орнына суды аз қажет ететін дақылдар егу жайын баян етті.

Облыс әкімі сөз басын “биыл Қызылорда облысында барлығы 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарлануда. Күріш дақылдары 70 мың гектарға егіледі, бұл өткен жылғы деңгейден 10,9 мың гектарға аз. Жалпы соңғы 4 жылда күріш көлемі 19 мың гектарға немесе 21%-ға қысқарды”, деп бастап, “қысқартылған күріштің орнына егісті әртараптандыру мақсатында суды аз қажет ететін дақылдар егу көзделуде.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz

РЕСМИ АҚПАРАТ. 2026 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті еліміздің жаңа Конституциясын қабылдау мәселесі бойынша 2026 жылғы 15 наурызға республикалық референдум тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауында жариялап, оның мақсаты саяси жүйені кешенді түрде жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының одан арғы үдерісіне оң ықпал ету екенін атап өтті.

8 қазанда Парламенттің реформа бойынша жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар фракцияларының өкілдері кірді. Сонымен қатар азаматтар да e-Отініш және eGov порталдары арқылы өз пікірлері мен ұсыныстарын жолдап, талқылауға белсенді қатысты.

Бірнеше ай бойы қоғамда жаңа реформаға қатысты қызу пікірталас жүрді. Осы кезең аралығында Жұмыс тобы азаматтар мен сарапшылардан түскен 2 мыңнан аса ұсынысты жан-жақты қарастырып, жүйеледі.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент реформасына қатысты азаматтардан түскен ұсыныстарды қорытындылап, алдағы өзгерістердің жалпы тұжырымдамасын ұсынды.

Президент бастапқыда түзетулер Ата заңның шамамен 40 бабына қатысты болады деп жоспарланғанын атап өтті. Алайда қоғамдық талқылаулар барысында өзгерістер ауқымының әлдеқайда кең екені, олардың Конституцияның өзге де бөлімдері мен көптеген баптарын қамтитыны айқындалды.

Комиссияға Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова басшылық етті. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева төрағаның орынбасарлары болды.

Жұмыс барысында Комиссия мүшелері еліміздің азаматтары, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, белгілі заңгерлер, құқық қорғаушылар, қоғам қайраткерлері, депутаттар, саясаттанушылар және басқа да сарапшылар жолдаған ұсыныстарды Ата Заңға енгізу мәселелері бойынша егжей-тегжейлі қарастырды.

Еліміздің конституциялық дамуы тарихында алғаш рет осындай ауқымды жұмыс толық ашық форматта жүргізілді: Комиссияның барлық отырыстары интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетіліп, қоғамдық бақылау мен азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етті. Конституциялық комиссия жұмысының жариялылығы мен ашықтығы жаңа Конституция жобасының аралық нұсқасын барлық халыққа таныстыру арқылы да айқын көрінді.

Қоғамдық талқылау аясында Комиссияға eGov және e-Отініш порталдары арқылы азаматтардан шамамен 10 мың пікір мен ұсыныс түсті. Осындай ауқымды азаматтық қатысу жаңа Конституцияға шын мәнінде халықтық сипат берді.

Сонымен қатар түрлі саяси және қоғамдық алаңдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен ашық талқылаулар өтті.

Барлық бастамалар мен азаматтардың мазмұнды ұсыныстары жүйелі түрде қаралып, талданды. Олар Ата Заңның соңғы мәтінде тікелей көрініс тапты. Ұсыныстарды қарау қорытындысы бойынша Конституциялық комиссия мүшелері жаңа Конституция жобасына қосымша баптар, редакциялық және стилистикалық түзетулер енгізді.

Осылайша, жаңа Конституция жобасы ашық қоғамдық талқылаулардың, азаматтар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және сарапшылық қауымдастық ұсыныстарын жан-жақты талдаудың нәтижесінде пайда болды. Жаңа Конституция мәтіні Қазақстан мемлекеттігінің жетілгенін, елдің халықаралық беделін және прогрессивті даму стратегиялық бағытын көрсетеді. Сонымен бірге, Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында маңызды рөл атқарған қолданыстағы Ата Заңмен сабақтастықты сақтайды.

Негізгі мызғымас құндылықтарға Қазақстанның Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы және аумақтық тұтастығы жатады.

Конституциялық деңгейде Өділетті Қазақстан идеясы, Заң мен Тәртіп қағидаты, табиғатқа қамқорлық көрсету қажеттілігі, сондай-ақ жаңа Конституцияда өкілеттік бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі – Қазақстан халқы екені бекітілді.

Жаңа Конституция жобасында алғаш рет азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау нормасы бекітілді. Сондай-ақ, адвокатура мен адвокаттық қызметке арналған арнайы бап енгізілді.

Адам капиталының, білім, ғылым, мәдениет пен инновацияның дамуына ерекше көңіл бөлінді. Бұл – мемлекет болашағының минералдық ресурстар мен табиғи байлықтарға емес, адам капиталы мен азаматтардың жетістіктеріне байланысты екенін көрсететін шешуші бағыт.

Дін мен мемлекеттің рөлі айқын бөлінген. Білім беру және тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты бекітілген.

Неке ерікті және тең құқықты ер мен әйелдің одағы екені туралы норма енгізілген. Бұл дәстүрлі құндылықтарды қорғауды күшейтіп, әйелдердің құқықтарын жоғары құқықтық деңгейде қамтамасыз етеді.

Конституциялық деңгейде ұлттық мәдениетті қолдау және тарихи-мәдени мұраны сақтау негізгі қағидаттардың бірі ретінде бекітілді.

Жаңа Конституция жобасының негізгі жаңалықтарының бірі 145 депутаттан тұратын, жаңа әрі кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы Парламент – Құрылтайды құру. Оның құрамы пропорционалды сайлау жүйесі бойынша құрылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды. Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатты дамытуына ықпал етіп, олардың институционалды рөлін күшейтеді және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЗАҢНАМАСЫ ТУРАЛЫ

Құқықтық мемлекет құру жолында сот билігінің орны айрықша. Әсіресе экономикалық соттардың қызметі мемлекет пен кәсіпкерлік субъектілері арасындағы қаржылық және шаруашылық қатынастардың заңдылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік сатып алу саласындағы дауларды қарау барысында экономикалық соттар тек заң нормаларын қолданумен шектелмей, құқықтық әділдік пен экономикалық тиімділік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу қатынастары «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңмен реттелгенімен, заң нормаларын дұрыс қолдану тәжірибеде әрқашан бірқалыпты бола бермейді. Осы тұрғыдан алғанда, экономикалық сот практикасы заң нормаларын нақтылау, түсіндіру және біріздендірудің маңызды құралы ретінде көрініс табады.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» дейді дана халқымыз. Қоғамдағы әрбір экономикалық қатынас заңмен реттелмесе, әділдік жоғалып, сенім әлсірейді. Сол себепті мемлекеттік сатып алу саласы – мемлекеттің қаржылық тәртібін, ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз ететін маңызды құқықтық институттардың бірі.

Мемлекеттік сатып алу – мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесі. Аталған заңның негізгі мақсаты – бюджет қаражатын тиімді пайдалану, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету. «Ақша – мемлекеттің қаны» десек, сол қанды дұрыс айналдыру – заңның міндеті.

1. Экономикалық соттардың құқық қолданудағы негізгі бағыттары

Экономикалық соттар мемлекеттік сатып алу саласындағы дауларды қарау кезінде бірнеше негізгі құқықтық бағыттарды басшылыққа алады.

Біріншіден, соттар заң нормаларын тікелей қолданады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының ережелері, Азаматтық кодекстің нормалары, Бюджет кодексінің талаптары және өзге де нормативтік құқықтық актілер негізге алынады. Сот үшін басты өлшем – құқықтық норманың мазмұны мен оның нақты құқықтық қатынасқа сәйкестігі.

Екіншіден, соттар қалыптасқан сот практикасын ескереді. Бұрын қаралған құқық істер бойынша қабылданған шешімдер құқық қолданудың бірізділігін қамтамасыз етеді. Бұл құқықтық тұрақтылық пен болжамдылықты қалыптастырады. Яғни, ұқсас жағдайлар бойынша әртүрлі шешім қабылданбауы тиіс.

Үшіншіден, соттар құқықтық қағидаларды басшылыққа алады. Атап айтқанда, заңдылық, әділдік, теңдік, адал бәсекелестік, ашықтық және жауапкершілік қағидалары сот шешімдерінің негізін құрайды. Бұл қағидалар мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық қатынастардың мәнін ашуға мүмкіндік береді.

«Заң – қағаздағы сөз емес, әділдікке бастайтын жол» деген ой экономикалық сот қызметінің мәнін айқын көрсетеді.

2. Сот практикасының мемлекеттік сатып алу заңнамасын дамытудағы маңызы

Экономикалық соттардың шешімдері

мемлекеттік сатып алу заңнамасын дұрыс қолданудың маңызды көзі болып табылады. Себебі соттар нақты дауларды қарау барысында заң нормаларының мазмұнын ашып, олардың қолданылу шегін анықтайды.

3. Мемлекеттік сатып алу дауларындағы соттардың құқықтық ұстанымы
Экономикалық соттардың қалыптасқан құқықтық ұстанымы бойынша, мемлекеттік сатып алу рәсімдері тек формалды талаптарға сәйкес келуі жеткіліксіз. Олар заңның мақсаттары мен қағидаларына да сәйкес болуы тиіс. Мысалы, егер конкурсі рәсімі формалды түрде дұрыс өткізілгенімен, техникалық ерекшеліктер бәсекелестікті шектейтін болса, сот мұндай рәсімді заңсыз деп тануы мүмкін. Бұл жерде соттың басты ұстанымы – әділ бәсекелестікті қорғау. «Әділдік жоқ жерде – сенім жоқ, сенім жоқ жерде – даму жоқ».

4. Экономикалық сот практикасы – құқықтық мәдениеттің көрсеткіші

Экономикалық сот практикасы тек құқық қолдану құралы ғана емес, сонымен қатар құқықтық мәдениеттің көрсеткіші болып табылады. Соттардың әділ әрі негізді шешімдері мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің құқықтық санасын қалыптастырады.

«Сот әділ болса – қоғам тыныш, заң үстем болса – ел берік».

Экономикалық сот практикасы мемлекеттік сатып алу заңнамасының дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады.

Соттар сатып алу рәсімдерінің заңдылығын бағалай отырып, мемлекеттік органдардың әрекеттеріне құқықтық бақылау жүргізеді және кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Сонымен қатар сот шешімдері заң нормаларын нақтылау мен біріздендіруге ықпал етіп, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіреді. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың тиімділігі оның дұрыс қолданылуына тікелей байланысты.

Заң талаптарының сақталуы бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің төмендеуіне және мемлекеттік басқару жүйесінің сапасының артуына мүмкіндік береді. Ал заң нормаларының бұзылуы экономикалық шығындарға, құқықтық даулардың көбеюіне және қоғамның мемлекетке деген сенімінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік сатып алу заңнамасын жетілдіру, құқық қолдану тәжірибесін дамыту және сот практикасын біріздендіру – құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолындағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. «Заң үстемдігі – ел тұрақтылығының кепілі» деген қағида мемлекеттік сатып алу саласына да толықтай қатысты. Сондықтан мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімді жұмыс істеуі – мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мен қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік сатып алу заңнамасы – тек құқықтық нормалар жиынтығы ғана емес, мемлекеттің экономикалық саясаты мен құқықтық идеологиясының көрінісі. Оның дұрыс жүзеге асырылуы әділ қоғам құруға, тұрақты экономикалық дамуға және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға қызмет етеді.

О.И. АБДУКАЛИКОВ

Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

КЕҢЕС ДҮЙСЕКЕЕВТІҢ ӘН КЕШІ

Қызылорда қаласындағы «Өнер орталығында» композитор, еліміздің Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Кеңес Дүйсекеевтің 80 жылдығына арналған еске алу кеші өтті.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Сыртқы істер министрінің орынбасары Өлібек Қуанырұров, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің елшілері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, композитордың жары Баян Дүйсекеева, баласы Нұркен Дүйсекеев пен туған-туыстары арнайы қатысты.

Кеш туған жерін өн қанатында тербеген сазгердің шығармашылығына арналған бейнеролик көрсетілімінен басталып, концерттік бағдарламада ел жадында жатталған таңдаулы туындылар орындалды. Сазгердің «Асыл ана», «Ойлан, балам», «Өмір, өмір», «Анаға хат», «Ойлайсың ба, жаным», «Ақ қар», «Ғашық өнім», «Өкінбе сен» тағы да басқа өндері өңсүйер қауымға ұсынылды. Сахна төрінде Қазақстанның Халық артисі Роза Рымбаева «Сәлем саған, туған ел» өнін әуелете шыққады. Ал Мәдина Сәдуақасова Исраил Сапарбайдың сөзіне жазылған «Теңеу бар ма саған?» өнімен көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ Жұбаншы Жексенұлы «Туған жер» өнін әсерлі орындап, кеш сәнін кіргізді.



Кеңес Дүйсекеев – қазақ музыка өнерінің алтын қорына енген бірегей шығармалардың авторы, ұлттық рух пен заманауи өуенді шебер ұшастырған көрнекті композитор. Ол ұлттық эстрада мен симфониялық музыкада өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, қазақ өн өнерін жаңа деңгейге көтерген тұлға. Композитордың «Қаракөзайым», «Домбыра туралы баллада», «Сәлем саған, туған ел» сынды алғашқы туындыларының өзі-ақ қалың жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленген. Әлем сахналарында қазақ өнін асқақтатқан Димаш Құдайбергелінің орындауындағы «Қарағым-ай» өні мыңдаған

шетелдік тыңдарманның зор қошеметіне ие болып жүр.

2006 жылы композитордың 60 жылдық мерейтойына орай «Туған жер» атты композиторлар мен әншілердің облыстық байқауы ұйымдастырылды. 2008 жылы бұл өнер додасы республикалық деңгейге көтеріліп, талай дарынды жастың шығармашылық жолына серпін берді, үлкен сахнаға жол ашты. 2013 жылдан бері халықаралық мәртебеге ие болған конкурстық сайын Өзбекстан, Қырғызстан, Польша, Болгария сынды алыс-жақын шетелдерден жиналған таланттарды бір арнаға тоғыстырып келеді.

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СОТ- ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ КЕПІЛІ

Конституциялық Сот – мемлекет пен азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға арналған әлемдік модель. Бұл сотқа жүктелген міндет пен берілген функцияға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында кеңірек тоқталды. Елге бағдар берер стратегиялық құжатта: «Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте конституциялық сот институты бар. Оған кез-келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын» деген еді Президент. Қазақстан тарихында Конституциялық сот болған. Бірақ, түрлі реформаларға байланысты бұл мәртебелі орган кейін Конституциялық кеңес ретінде жұмысын жүргізген. Енді міне, Президент жолдауынан кейін Конституциялық сот қайта құрылып, бытырған бері нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді.

Конституциялық сот дау туындаған жағдайда Президент, Парламент депутаттары сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді, Парламент қабылдаған заңдардың Конституциялық сәйкестігін Президент кол қойғанға дейін қарайды, сонымен қатар Парламент қабылдаған қаулыларды тексереді, ратификацияланғанға дейін Қазақстанның халықаралық шарттарының Конституцияға сәйкестігін қарайды, Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң қазір елімізде қолданыста. Соған орай, ел азаматтары Конституциялық Сотқа тікелей жүгінуге мүмкіндік алды. Жаңа құрылым азаматтар өтінішінің заңдылығын, Конституцияға сәйкестігін дербес қарайды. Жалпы, Конституциялық Сот биліктің сот тармағына жатпайды. Соған орай бұл құрылымның жанаша жұмыс істеуі азаматтардың құқықтық сауатын көтеруге, әділдікке деген сенімін арттыруға қызмет етері күмәнісіз. Бұдан бөлек Конституциялық сот өкілеттіктері бойынша да бұрынғыға қарағанда неғұрлым кең құзыретке ие. Бұл мәртебелі орган енді заңдардың ғана емес, орталық және жергілікті органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің де Конституцияға сәйкестігін қарастырады. Яғни, Конституциялық сот бақылау қызметін көбірек жүзеге асырады және заңды күшіне енген нормативтік актілерді қарайды. Конституциялық сот сонымен бірге, мәртебесінің айқындалуымен, судьяларды сайлау тәртібінің енгізілуімен, әрі құрылымдық мәселелерінің нақтылауымен ерекше.

Жалпы, бұл өзгерістің мемлекеттің дамуына, қоғамның ілгерілуіне ықпалы зор. Конституциялық сотқа түскен шағымдардың басым бөлігін сот шешімдеріне қатысты азаматтардың келіспеушілігі, сот актілерінің орындалмауына, тұрғын үй және еңбек қатынастарына, әлеуметтік қорғауға байланысты өкіле-решімі құрайды. Осыған орай, қоғамның құқықтық сауатын көтеруге бағытталған жұмыстар әлі де болса кең ауқымда жүргізілуі қажет. Және арыз-шағымдардың мән-мазмұнына мониторинг жасап, жұмыс барысында пайдалану, кемшіліктерді жою кезек күттірмейді. Ең бастысы, азаматтар мәртебелі құрылым сот шешімдеріне баға бермейтінін білуі қажет.

Конституциялық сотқа түскен өтініштердің төрттен бірінде ғана азаматтар заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін тексеруді сұраған. Осындай сұраныстарға сүйене отырып нормативтік құқықтық актілерде кеткен елеулі олқылықтарды үнемі жария ету, бірқалып құқық қолдану мақсатында тиісті нормаларға түсіндірме беру міндет. Өйткені, заң құқық қолдануда жазалау құралы емес, ескерту құралы ретінде қызмет етуі тиіс. Ал мұндай кезде заңның артықшылықтарынан хабардан ету, сот тәжірибесінде кеткен кемшіліктерді сараптай отырып халықтың құқықтық сауатын көтеру зайырлы мемлекет орнатуда маңызды орын алады.

Ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын одан әрі қорғау бағытында сот әділдігін жүзеге асыруда сот жүйесі барынша объективті, ашық әрі жариялы түрде қызмет етіп келеді. Сондықтан, сот жүйесіндегі он өзгерістердің барлығы жалғасын тауып, ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді деген сенім мол.

Роза ХИЗАТОВА

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

ОРМАН – ҰЛТТЫҢ БАЙЛЫҒЫ, СЕКСЕУІЛ – ШӨЛДІҢ ҚОРҒАНЫ

Орман – табиғаттың адамзатқа берген ең асыл сыйларының бірі. Ол – тек ағаштар жиынтығы ғана емес, тұтас экосистема, тіршілік көзі, ауаның тазалығы мен климат тұрақтылығының кепілі. Орман шаруашылығы саласының негізгі міндеті – осы байлықты сақтау, қорғау және ұтымды пайдалану.

Бүгінде орманды қорғау мәселесі ерекше өзекті. Климаттың өзгеруі, өрт қаупі, заңсыз ағаш кесу және табиғатты жауапсыз пайдалану орман қорының азаюына әкеліп отыр. Әсіресе шөл және шөлейт аймақтардағы орман алқаптарының жағдайы алаңдатарлық. Осындай табиғи аймақтарда ерекше маңызға ие ағаш түрінің бірі – сексеуіл.

Сексеуіл – шөл даланың тірегі. Ол құм көшкінін тоқтатып, топырақты бекітеді, жел эрозиясынан қорғайды. Сонымен қатар сексеуіл алқаптары мен орманды аймақтар көптеген жануарлар мен құстарға табиғи мекен болады. Мұнда қоян, түлкі, қарсақ, түрлі кеміргіштер мен дала құстары тіршілік етеді. Ал кең далалы өңірлерде киік, яғни ақбөкен де осы табиғи ортаға тәуелді.

Киік – қазақ даласының киелі жануары, ол көбіне ашық ортада мекендегенімен, шөлейт және сексеуілді алқаптар оның тыныстап, паналайтын ортасының бір бөлігі саналады. Табиғи өсімдіктер жамылғысының сақталуы киіктің қоректік базасының тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Ғалымдардың айтуынша, сексеуіл тамыр жүйесі арқылы жер асты ылғалды тиімді пайдаланып, қатал климат жағдайында да өмір сүре алады. Сондықтан оны «шөлдің қорғаны» деп бекер атамайды. Ал орман мен сексеуіл алқаптарының сақталуы – жануарлар дүниесінің де қауіпсіздігі. Өкінішке қарай, өткен жылдары сексеуілді отын ретінде заңсыз кесу салдарынан оның көлемі айтарлықтай азайды. Бұл экологиялық тепе-теңдікке кері әсерін тигізіп, жануарлар мекенінің тарылуына себеп болды. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан сексеуілді қорғау және көбейту бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Арнайы бағдарламалар аясында жаңа көшеттер отырғызылып, қорық аймақтар кеңейтілуде, заңсыз кесуге бақылау күшейтілді. Алайда орманды қорғау тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Табиғатқа жанашырлықпен қарау, өрт қауіпсіздігін сақтау, заңсыз әрекеттерге бейжай қарамау – орман байлығын сақтаудың маңызды қадамдары. Әсіресе жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру – болашақ үшін жасалған инвестиция.

Орман – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, келер ұрпақтың да аманаты. Ал сексеуіл – қазақ даласының табиғи қалқаны, киік пен өзге де жан-жануарлардың тіршілік тірегі. Табиғатты қорғау арқылы біз өз өмірімізді, денсаулығымызды және болашағымызды қорғаймыз. Сондықтан орманды сақтау – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз.

Н. АРАЛБАЕВ

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің орман шебері

<p>МЕНШІК ИЕСІ:</p> <p>«Желтоқсан и К» ЖШС</p> <p>Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА</p> <p>Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы:</p> <p>Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1</p> <p>Телефон: 23-16-08 23-16-11</p>	<p>(E-mail: a_akshamy@mail.ru)</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп</p> <p>№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күнелі берілген.</p> <p>Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі</p> <p>№1026-Г - 11.01.2000 ж</p> <p>Газет аптасына бір рет жарық көреді</p>	<p>ТАРАЛЫМЫ: 4000</p> <p>Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.</p> <p>Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49</p> <p>Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы</p> <p>Тапсырыс</p>	<p>Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.</p> <p>Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.</p> <p>Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.</p> <p>Сурет сапасына редакция жауап бермейді</p>
--	---	--	--	---

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЕЛШІСІ СЫР ЕЛІНЕ КЕЛДІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыровпен, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі Алешка Симкичпен кездесті. Кездесуде инвестиция тарту мәселесі талқыланды.

– «Біз аймақтың экологиялық жағдайына ерекше мән береміз. Басты басымдықтардың бірі – Арал теңізінің экожүйесін сақтау, суды, соның ішінде трансшекаралық су ресурстарын тиімді басқару. Арал теңізінің апатты жағдайы тек өңірге немесе бір елге ғана емес, әлемге теріс әсерін тигізуде. Құм көшкінін тоқтатудың бірден-бір жолы – теңіз ұлтанын көгалдандыру, жергілікті климатқа сай өсімдіктерді егу. Бүгінде халықаралық қорлардың демеушілігімен Арал теңізінің құрғаған табанына сексеуіл егілуде.

Былтыр егін шаруашылығында су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 8100 гектарға жеткізіліп, 2024 жылмен салыстырғанда 2 есе артты. Шетелдік компаниялардың қатысуымен су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы жүгері, техникалық қарасора, соя дақылдарын егетін 3 ірі жоба жүзеге асуда.

Тағы бір маңызды бағыт 2024 жылы ашылған Орталық Азиядағы алғашқы геопарк атанған «Арал геопаркін» дамыту мәселесіне назар аударғым келеді. Бұл жоба өңірдің табиғи, тарихи, туристік әлеуетін дамыту арқылы орнықты экономикалық-әлеуметтік өсімге серпін береді.

Өткен жылы Қызылорда облысы «Арал геопаркін» ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік геопарктер тізіміне енгізу жөнінде өтінім берді. Арал өңірінде орнықты даму мен экологиялық туризмге бағытталған бастамаларды ілгерілетуде Еуроодақтың қолдауына үміт артамыз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Экономиканы әртараптандыруда алдағы үш жылда 1 трлн. 900 млрд. теңгенің 48 инвестициялық жобасы іске асырылады. Биылға 100 млрд. теңгенің 21 жобасы жоспарланған.



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі Алешка Симкич, Еуроодаққа мүше мемлекеттердің Қазақстандағы елшілерінің қатысуымен Қызылорда облысының инвестициялық әлеуеті талқыланды дөңгелек үстел өтті.

Аймақ басшысы өңірдің инвестициялық ахуалы мен экономиканы әртараптандыруда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Өткен жылы Президентіміз Сыр өңіріне жасаған жұмыс сапарында инвестициялық климатты жақсарту, бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытын жалғастыруды тапсырған болатын.

Бүгінде облыс экономикасын әртараптандыру арқылы жоғары өнімді, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес өңдеу өнеркәсібін құру жұмыстарын кезең-кезеңімен атқарудамыз.

Өздеріңізге белгілі, бүгінде су ресурстары – тек Қазақстан ғана емес, Орта Азия мемлекеттері үшін де өте өзекті мәселе. Облыстың экономикалық, экологиялық жағдайы, халқының тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің деңгейіне, Арал теңізінің жағдайына тікелей байланысты.

Су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу, су жүйелерін цифрландыру – бүгінгі күннің басты талабы. Облыстың агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тартуда осы мәселелерге басымдық беріледі», – деді аймақ басшысы.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Еуропалық Одақ мемлекеттерімен ашық өрі сенімді дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан. Бүгінде Қазақстан – Еуроодақтың Орта Азиядағы негізгі инвестициялық және сауда-экономикалық серіктесі.

Жиында Әлібек Қуантыров, Алешка Симкич, облыс прокуроры Р.Ожаров, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, «Рока групп» серіктестігінің бас директоры Даниэль Эрнандес, «Харвест Агро» компаниясының жоба басшысы Дәулет Увашев пікір білдірді.

Облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев Қызылорда қаласына келген еуропалық одаққа мүше мемлекеттердің елшілерін өңірдегі бірқатар мәдени-әлеуметтік нысандардың жұмысымен таныстырды.

Алдымен «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Академияға бір мезетте 500, тәулігіне 3 мыңға дейін оқушы келеді. Олар бассейнде, топтық жаттығу бөлмелерінде, көркем гимнастика және фитнес залдарында жаттығады. Балалар бейіміне қарай үстел ойындарына, жекпе-жек, кескіндеме, сурет салу, gesis art, шығармашылық, сәндік-қолданбалы өнер үйірмелеріне қатысады.

Елшілер Президент саябағында да болды. Бүгінде саябақ аумағы қарқынды құрылыс алаңына айналған. Қайта жаңғыртуды Alem Qyrgyus AQ серіктестігі қолға алған. Жобаға түзету енгізілген соң мұндағы құрылыстар қатарына 300 орындық балалар лагері мен қысқы бақ қосылған болатын. Бірнеше нысан мен қоғамдық кестіктер салынуда. Атап айтқанда, аллея, субурқақ, амфитеатр, спорт және би алаңдары, балалар ойын алаңдары, workout пен демалыс аймақтары. Сонымен қатар фудкорт, теннис үстелдері, айналмалы дөңгелек аттракцион, тамақтану орындары, велосипед және жүгіру жолақтары бар. Бұдан бөлек сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдары да салынууда. Ботаникалық бақ аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Абаттандырылатын жалпы аумақ 2,41 гектар, бақ ішіне Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Орталық Америка, Қытай, Жапония, Мадагаскарда өсетін жасыл желек отырғызылады. Балалар лагері 6,02 гектарға орналасып, оның аумағында әкімшілік ғимарат, іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 тұрғын корпус, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы, сахна, өзге де демалыс және техникалық нысандар болады.

КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНА – МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емхананың бар 300 төсектік көпбейінді аурухананың (онкологиялық бөлімшесімен) құрылыс алаңына барып, жұмыс барысымен танысты.

Облыс тұрғындары үшін аса маңызды әлеуметтік нысан Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынуда. Аурухана заманауи техникалық шешімдерді ескеріп жобаланған, ең озық технологиямен қамтамасыз етіледі. Диагностика және емдеу бойынша заманауи стандарттарға сай келетін жоғары технологиялық инновациялар енгізіледі, бұл медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттырады. Осылайша Қызылордада шетелдік клиникалардан еш кем түспейтін заманауи медициналық кешен пайда болады.

«Мелиоратор» серіктестігі қолға алған жобаға 36 млрд. 416 млн. теңге қаржы қаралған. Бұл – аймақтағы халықаралық стандарттарға сай, ең ауқымды жобалардың бірі. Аумағы 57 мың шаршы метр, 7 гектар жерге орналасқан. Нысан 10 блоктан тұрады: емхана, пансионат, конференц-зал, асхана, физиотерапия, қабылдау бөлімі, әкімшілік, реанимация, химиотерапия және радиотерапия, операциялық бөлім.

Құрылысы екі жыл бұрын басталған ғимаратты салу барысында осы уақытқа дейін 21 млрд. теңге қаражат игеріліп,



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 12 облыста заманауи перинаталдық орталықтар салу көзделген. Қызылорда қаласында да халықаралық тәжірибе мен озық медициналық технологиялар енгізілетін 200 төсектік перинаталдық орталықтың іргетасы қаланды. Нысанға 2,7 гектар жер телімі бөлініп, 48,8 млрд. теңге қаражат қаралған.

жұмыстың 70 пайызы еңсерілді. Қалған 16 млрд. теңге осы жылы республикалық

және облыстық бюджеттен бөлінген. Қазіргі таңда бетон жұмыстары толық біткен, ал кірпіш қалау аяқталып қалды.

Жақын арада құрылысшылар ғимараттың терезесін салып, қасбетін бастайды. Сонымен қатар жылу құбырлары орнатылып, қажетті тораптарға қосылуда. Электр желісі тартылып, тарату нүктелері дайындалды. Құрылыс кестеге сәйкес жүргізілуде. Жоспар бойынша күшейтілген жұмыс режиміне көшіп, жыл соңына дейін құрал-жабдықтарын орнатып, пайдалануға береді.

Бүгінде құрылыс басында 200-ге жуық адам, 15 техника бар. Газоблок, инженерлік жүйелерге қажетті материалдар жеткілікті.

СОЛ ЖАҒАЛАУДА ЕМХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

■ Қызылорда қаласының сол жағалауында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары және зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен 500 келушіге арналған емхананың іргетасы қаланды.

Аймақ басшысы сол жағалауға қоныстанушылардың сұранысына сәйкес құрылысы басталған жаңа нысан тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыратынын атап өтті.

– «Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлестеріміздің бекем бірлігінің арқасында байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асырылуда. Денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру шаралары кешенді жүргізіліп келеді. 2022-2025 жылдары салаға 50 млрд. 100 млн. теңге қаржы бөлінді, 26 млрд. 400 млн. теңгеге 40 медицина нысаны салынып, пайдалануға берілді.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы

белгіленген жоспарға сәйкес толығымен орындалып, 10 млрд. 700 млн. теңгеге салынған 28 нысан халық игілігіне қызмет етуде. Жаңадан бой көтеретін емхана да шипа іздеген жандарға жылулық сыйлайтын орынға айналсын! Рамазан айы баршамызға құтты болсын! Оразаларыңыз қабыл болсын!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Рәсімде Ақмарал Шәріпбайқызы, Мұрат Нәлқожаұлы құттықтау сөз сөйлеп, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Асылбек Тоқмырзаұлы бата берді.

Сол жағалауда бой көтеретін 500 орындық емхана тұрғындарға амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық медициналық қызмет көрсететін кепсалалы мекеме болады. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері қарастырылған.

Сондай-ақ емхана 50 төсектік күндізгі стационар, дерлік қамтамасыз ету бөлімі, орталық стерилизация, кір жуу орны, медициналық қалдықтарды сақтау, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория, 200 орындық конференц-зал және инженерлік-техникалық инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етіледі.

ORHUN MEDICAL ОРТАЛЫҒЫ – ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА

Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері және ардагерлердің қатысуымен Orhun medical медициналық орталығының ашылу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы өз сөзінде өңірдің денсаулық сақтау саласындағы жетістіктерге тоқталды.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы жақсы болса, қоғам орнықты дамиды» деп, салаға әрдайым айрықша көңіл бөліп келеді. Сыр өңірінде тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, инфрақұрылымды одан әрі жетілдіру шаралары кешенді түрде жүргізілуде.

Бүгін Өздеріңізбен бірге өңіріміз үшін маңызы зор нысан Orhun Medical медициналық орталығының ашылуында бас қостық. Орталықтың негізгі бағыты – позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томографияны біріктіретін жоғары технологиялық диагностика.

Құны 4 млрд. теңге болатын бұл жоба онкологиялық ауруларды ерте

Ел игілігіне табысталатын медициналық орталық дәрігерлері келушілерге қызмет етіп, науқастың дертіне дауа, көңіліне рауан беріп, халықтың ықыласына бөленеді деп сенеміз. Жауапкершілігі жоғары салада

денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда қаласындағы орталық – Orhun Medical компаниясының Қазақстан өңірлерінде жоғары



Медициналық орталықтың жылдық жобалық қуаты айтарлықтай жоғары. Мұнда жылына 3 500 позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томография зерттеу жүргізіледі. Сонымен қатар 16 000 магниттік-резонанстық томография, 20 000 компьютерлік томография, 25 000 рентгенологиялық зерттеу және 10 000 маммография жасауға мүмкіндік бар.

анықтауға, дерттің таралу деңгейін бағалауға, емдеу тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді. Тұрғындарымыз ендігіде Астана, Алматы қалаларына, шетелдерге бармай-ақ, сапалы медициналық қызметтерді жергілікті жерде алады.

уақытпен санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңіз табысты, мәртебелеріңіз биік болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

Ашылу рәсімінде Ақмарал Әлназарова, Әлібек Қуантыров сөз сөйлеп, сала ардагері Абдулла Шүленбаев бата берді. Аймақтың

технологиялық онкологиялық көмекті дамытуға бағытталған жобасының екінші кезеңі. Ұлытау, Түркістан, Ақтөбе тұрғындарына да қызмет көрсетеді. Бірінші кезеңде Ақтау қаласында осындай орталық іске қосылған. Зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында жүргізіледі.

Бұдан бөлек медициналық орталықта МРТ, КТ, рентгенография, маммография, ультратрадыстық диагностика, бейінді мамандардың кеңестері, зертханалық зерттеулер және емшара бөлмелерінің қызметтері халыққа қолжетімді болады.

ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ

Қызылорда қаласында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары және зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен 200 орындық перинаталдық орталықтың іргетасын қалау рәсімі өтті. Жана нысан Президент паркі аумағында орналасады.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа бастамамен құттықтады.

– «Халқымызда «Денсаулық – басты байлық» деген терең мағыналы сөз бар. Расында кез-келген мемлекеттің ең қымбат капиталы – адам өмірі мен денсаулығы. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы жақсы болса, қоғам орнықты дамиды» деп, салаға айрықша көңіл бөліп келеді. Бесінші Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр», – деп ерекше атап өтіп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшымыз Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталғанын, алдағы уақытта 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхана салынатынын, жаңа драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодалізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы басталатынын айтты. Бұл серпінді жобалар өңір экономикасына қуат беріп, транзиттік әлеуетін күшейтеді. Халқымыздың әлауқатын арттыруға мол мүмкіндік береді.

Құрылысына 48 млрд. 500 млн. теңге бөлінген 200 орындық жаңа перинаталдық орталықтың аумағы 38 мың шаршы метр, заманауи талаптарға сай, жоғары сапалы технологиялармен жабдықталады. Бұл – ана мен бала өмірін сақтауға, денсаулығын жақсартуға, демографиялық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет қолдауы. Жаңа орталық мейірім мен жылулықтың ордасына айналсын! Рамазан айы баршамызға құтты болсын!», – деді аймақ басшысы.

Рәсімде Ақмарал Әлназарова, Мұрат Әбен сөз сөйлеп, мемлекет және қоғам қайраткері Ибрагим Әбибуллаев бата берді. Болашақ перинаталдық орталықта ана мен балаға мамандандырылған заманауи медициналық көмек көрсетіледі. Қабылдау-қарау, стационарлық, диагностикалық, операциялық, реанимациялық және өкімілік бөлімдер жоспарланған. Сонымен қатар, жерасты өткелі арқылы байланысқан жеке зертхана ғимараты мен ас блогы болады.

Медициналық мекеме жүкті әйелдерге, босанушыларға және жаңа туған нәрестелерге арналған стационарлық бөлімдер, операциялық блок, реанимация, зертханалар және инженерлік-құрылыс инфрақұрылымымен қамтамасыз етіледі. Жобалық шешімдер санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және заманауи медициналық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қ.НҰРТАЙ:

БАЙҚОҢЫРДЫҢ ӘЛЕМДЕ БАЛАМАСЫ ЖОҚ...

Байқоңыр қаласы жалға алу жағдайында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылады. Қызылорда облыстық әкімдігі мен қала өкімшілігінің бірігіп атқарған жұмыстарының арқасында жыл бойы қаланың тыныс-тіршілігіндегі негізгі салаларда оң динамика сақталды, бірқатар бірлескен мәдени, әлеуметтік, экономикалық шаралар атқарылды.

Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының ерекше қолдауымен Байқоңыр қаласының және оған іргелес орналасқан Төретам мен Ақай елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша мән берілуде.

Бүгінде Байқоңыр қаласының тыныс-тіршілігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мақсатында Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы іске асырылуда.

Байқоңыр қаласында 54,3 мың адам тіркелген, оның ішінде 38,7 мың, яғни 71%-ы Қазақстан Республикасының, 14,3 мың, яғни 26%-ы Ресей Федерациясының және 1,2 мың, яғни 3%-ы басқа мемлекеттердің азаматтары тұрады.

Қаладағы жұмыссыздық деңгейі 1,3% құрайды.

Ғарыш саласы және Байқоңыр қаласы өкімшілігіне қарасты кәсіпорындар мен мекемелерде 10 мыңға жуық өліміздің азаматтары жұмыс жасайды;

Жыл ішінде 336 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды.

«Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқыған 19 тұрғынға 29,8 млн. теңге сомасына өтеусіз грант берілді. Негізінен шаштараз қызметі, шағын типография ашу, таза су өндіру, дәрігерге дейінгі қосымша медициналық тексеру, жартылай фабрикант өнімдерін дайындау және тағы да басқа сұраныстағы қызметтерге бөлінді.

Денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекетаралық келісімге сәйкес, Байқоңыр қаласында қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдар қызмет көрсетеді.

2016 жылдан бастап Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы жұмыс жасайды. Жалпы ауруханаға 39 717 тұрғын тіркелген. Аурухананың материалдық-техникалық базасын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде, қазақстандық азаматтарға барлық қажетті медициналық көмектер көрсетілуде.

Гемодиализ орталығының қызметіне жүгінетін мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында, Байқоңыр қаласындағы көпбейінді аурухана гемодиализ орталығы қызмет көрсетуде. Сонымен қатар қаладағы медициналық қызметтердің сапасын одан әрі арттыру мақсатында, облыс әкімі Нұрлыбек Мәшбекұлының тапсырмасына сәйкес аурухана 806 млн. теңгеге заманауи жабдықтармен қамтылды.

Қалада 12 мектеп, оның ішінде 5-еуі қазақстандық білім беру стандарты бойынша білім береді.

ӘЛНАЗАРОВА АРАЛАП ЖҮР

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов «Қамқорлық» ерте араласу орталығының және жұқпалы аурулар ауруханасының жұмысымен танысты.



Аймақта жыл сайын шамамен 20 мың нәресте дүниеге келеді, ал 18 жасқа дейінгі балалар саны 322 мыңға жетеді. Балаларды оңалту қызметінің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2022 жылы «Қамқорлық» орталығы ашылған болатын. Оған жергілікті бюджеттен 205,6 млн. теңге бөлінді, ал «Самұрық-Қазына» АҚ және «Қамқорлық» қорынан қаралған 103,4 млн. теңгеге құрал-жабдықтар алынып, мамандар біліктілігін арттырды.

Министр А.Әлназарова бастаған топтың аралаған тағы бір нысаны облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы 2024 жылы кешенді күрделі жөндеуден өтіп, өткен жылдың соңында толықтай пайдалануға берілді. Күрделі жөндеуге жергілікті бюджеттен 1,6 млрд. теңге қаралды. Бүгінде жаңартылған бөлімшелер пациенттер мен медицина қызметкерлерінің жоғары бағасын алуда. Соңғы үш жылда аурухананың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 590 840 153 теңге қаржы бөлінген, 49 млн. теңгеге 2 автокөлік сатып алынды. Өткен жылы клиникалық фармакология және госпитальдық фармация бөлімшесі ашылып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Алдағы уақытта физиотерапиялық емдеу бөлімшесін іске қосу және медицина қызметкерлерінің шетелде біліктілігін арттыру жоспарланған.

Орталық ашылған төрт жыл ішінде 6 000-ға жуық бала оңалту қызметін алды. Қозғалу, сөйлеу дағдыларын дамытып, әлеуметтік бейімделудің маңызды кезеңдерін сәтті аяқтады. Мұнда балаларға медициналық және педагогикалық көмек көрсетіледі. Атап айтқанда, медициналық оңалту, емдік дене шынықтыру, физиотерапия, логопедиялық және дефектологиялық қолдау, сондай-ақ еңбек терапиясы.

ТИТОВТЫҚТАРДЫҢ ӨЗ ЕМХАНАСЫ БОЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының арнайы қатысуымен Титов қыстағындағы 400 орындық жаңа емхананың іргетасын қалау рәсімі өтті.

Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандық көпбейінді ауруханалары жанынан қосымша құрылыстар, Шиелі мен Арал ауданындағы жұқпалы аурулар бөлімшелеріне арнап жаңа ғимараттар салынды. Жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданындағы Төменарық ауылында 15 төсектік ауылдық аурухана мен амбулатория, Арал ауданының Сексеуіл кентінде 40 төсектік ауылдық аурухана, облыстық қан орталығы пайдалануға берілді.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтап, денсаулық саласындағы атқарылған жұмыстарды атап өтті.

– «Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, адамдағы байлықтың негізісі – денсаулық. Деннің саулығы – мемлекеттің дамуы мен өркендеуінің арқауы.

Президентіміздің әлеуметтік саясаттағы басым бағыттарының бірі де – халыққа қолжетімді әрі сапалы медициналық қызмет ұсыну. Бүгін біз Қызылорда қаласы үшін, соның ішінде Титов мөлтек ауданының 40 мыңнан астам тұрғындары үшін аса маңызды, тарихи сәттің басында тұрмыз.

Ауысымына 400 келушіге арналған №5 қалалық емхананың жаңа ғимаратының іргетасын қалау рәсіміне куә болуға жиналды. Жалпы 9 млрд. 823 млн. теңгеге салынатын жаңа емхана ғимаратының аумағы 9 мың шаршы метр, заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдықталады.

Бұл – ана мен бала өмірін сақтауға, қазыналы қарттарымыздың денсаулығын жақсартуға бағытталған мемлекет қолдауы. Алдағы уақытта да өңір халқының өмір сапасын арттыруға арналған кешенді жұмыстар жалғасады», – деді Н.Нәлібаев.

Іс-шарада Ақмарал Шәріпбайқызы, Мархабат Жайымбетұлы құттықтау сөз алып, Қызылорда облысының құрметті азаматы Тұрғанбай Маханұлы бата берді.

2022-2025 жылдары өңірде 26 млрд. 400 млн. теңгеге 40 медициналық нысан салынып, пайдалануға берілген. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 10 млрд. 700 млн. теңгеге бой көтерген 28 нысан бүгінде халық игілігіне айналды.

Сонымен қатар ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсету үшін 9 млрд. 900 млн. теңгеге 6 жоба іске асырылды.



Үй түріндегі қазақстандық бақылау пункті ашылды. Қала жалға беру жағдайында жұмыс жасайтын болғандықтан ұлттық құндылықтарды насихаттау және дәріптеу мәселесіне аса мән берілуде.

Қалада мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру облыс әкімдігінің тікелей бақылауында. Мұнан бөлек қалада Қазақстанның барлық ұлттық және мемлекеттік мерекелері жоғары деңгейде атап өтілуде. Сонымен қатар қаламызда республикалық деңгейде айтыстың жыл сайын өткізілуі де ерекше атап өтуге тұрарлық.

Өнерпаздарға деген қала тұрғындарының ықыласы ерекше.

2025 жылы Байқоңыр ғарыш аймағы мен қаласының құрылғанына 70 жыл толды. Аталған мерейтой Үкімет деңгейінде кең көлемде атап өтіліп, қала мен ғарыш аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан «Байқоңыр» кешенінің қызметкерлері мен ардагерлері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік және ведомстволық наградаларымен марапатталды.

Облыс әкімдігі тарапынан мерейтой аясында жыл бойы облыстық және республикалық деңгейдегі мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылып, өнер ұжымдарының концерттік бағдарламалары мен түрлі спорттық жарыстар өткізілді.

Мерейтойға орай қала әкімдігімен бірқатар инфрақұрылымдық және мәдени жобаларды жүзеге асыру қарастырылды. Атап айтқанда, ашық аспан астындағы музей ашу, орталық алаңды реконструкциялау және басқа да әлеуметтік маңызы бар шаралар қолға алынды.

«Байқоңыр» кешенінің өзекті мәселелері бойынша шешімдерді тапқылау және қабылдау мақсатында жыл сайын «Байқоңыр» кешені бойынша Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының отырыстары өткізіледі.

Үкіметаралық комиссияның соңғы отырыстарын өткізу барысында «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру жобасы іске асырудың белсенді кезеңіне өтті, жерүсті технологиялық жабдықтарын жасау және жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Аталған жобаны іске асыру үшін «Байқоңыр» кешенінің 170 мың гектарға жуық жерін жалдан шығарып алу жұмыстары аяқталуда. Сонымен қатар жайылымдық жерлерді ұлғайту жөніндегі мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін іргелес елді мекендердің ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін пайдаланылмайтын жер учаскелерін жалдан шығару бойынша жұмыс жүргізілуде.



аяқталып, облыс әкімі Нұрлыбек Мәшбекұлының қатысуымен салтанатты рәсімде тұрғындарға пәтерлер табысталды.

2019 жылғы 3 сәуірде Мәскеу қаласында қол қойылған «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы толықтай табиғи газбен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда Байқоңыр қаласының өкімшілігімен «Байконурэнерго» ӨЭБ МУК-ң жылу электр орталығын негізгі отын мазуттан табиғи газ отынына көшіру жұмыстары жүргізілуде. 2027 жылы аяқталады деп жоспарлануда. Бұл өз кезегінде жылу энергиясына тарифтердің өсуін тежеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қызылорда облысы әкімдігімен «Байқоңыр

тында туризмді дамыту өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі О.Бектеновтың тапсырмасына сәйкес, Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп, «Байқоңыр» кешенінде туризмді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді.

Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының шешімімен қазақстандық тараптан туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар айқындалды. Қазіргі уақытта ғарыш аймағының бірқатар тарихи нысандары, мәселен «Гагарин старты», «Гагарин беседкасы», динамикалық сынақ стенді, «Буран» монтаждау-жанармай құю кешені жалдан шығарылып, жаңа туристік маршруттар ашылды.

Сонымен қатар ғарыш аймағының тарихында алғаш рет Аэроғарыш комитетімен заманауи киіз

ҚҰРЫЛТАЙ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Ғұн империясынан Түрік Республикасына дейінгі дамуы. Ғұндардың дала төсіндегі жиынынан басталып, Шыңғыс ханның ұлы құрылтайына ұласқан бұл институт кімнің заңды билеуші деп танылып, мемлекет үшін маңызды заңдар мен стратегиялық, экономикалық шешімдердің қандай болатынын анықтайтын. Құрылтай тарихы — жаһанды тітіреткен билеушілердің өзі бас иген еуразиялық құқық идеясының тарихы.

2026 жылдың басында, конституция реформасы аясында, Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасы әзірленіп жатқан тұста бір палаталы Парламенттің жаңа атауы Құрылтай болатыны айтылды. Осы орайда Qalam сол бір ежелгі институттың тарихына зер салып, эволюциясын шолып шықты.

бірлестіктерінің бәрінде жоғары билік пен оның символдық легитимдігі киелі «төре» ұғымы төңірегінде қалыптасты. Таққа қонған әр билеуші мемлекеттің заңдары мен орныққан тәртібіне адал екенін жариялар еді. Сол заң-тәртіптердің жинақталған бейнесі осы «төре» ұғымына саятын. Заң алдында бас ию, мойынсұну — қараның ғана емес, ханның да парызы саналған. Қалыптасып қалған сыңаржақ түсініктегідей емес, көшпенді мемлекеттерде биліктің заңдылығы, яғни «төре» нышанды қасиетті заң мен әділет қағидаттарына сай ел билеу ең маңызды нормалардың бірі болған. Сол процесте соңғы кесім құрылтайға берілді. Әр кезеңде, әр елде оның атауы, атқаратын қызметі, символдық мәні мен өкілетінде аз-кем айырма болғанымен, маңызы бір мысқал кеміген жоқ. Сондықтан да бүкіл Еуразияға айбары асқан Әмір Темірдің өзі

сондай-ақ мемлекетаралық келісімдер мен бітім шарттарын талқылау үшін құрылтай шақырып отырған.

Құрылтайға тайпа басылары мен ел басқару ісіндегілердің бәрі қатысатын, сондықтан оның құрамы да, қатысушылардың құзыреті де әралуан болатын. Біреулер әскери қанаттан, яғни тайпа қолының сардарлары болса, келесілер әкім-қара, кеңесші және дін өкілдері болған. Құрылтайға әйелдер қатысып қана қоймай, ғұн дәуірінен-ақ тіпті төрағалық ете алатын. Деректерге жүгінесек, қаған да, құрылтай қатысушылары да қайсыбір мәселеге қатысты ойын бүкпесіз айтып, пікірталас құратын. Ондай ашық талқы бір шешімге келгенше бірнеше күнге созылуы мүмкін еді.

11-ғасырда әмір сүрген түркі ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде»

түсетін. Айталық, бір жолы ғұндар қолға түскен жау қолбасының тағдырын шешсе, тағы бір жолы Ирандағы моңғол әміршісі Ғазан хан Сириядағы шайқаста жеңілген өз қолбасын соттаған.

ҚҰРЫЛТАЙ ЖӘНЕ ӘМІРШІ САЙЛАУ. Өйтсе де Ғұн империясында да, түркі қағанаттарында да, Моңғол империясында да құрылтайдың ең маңызды сипаты — ел басқарған төрелер мен тайпа басыларының қатысуы міндетті еді. Құрылтайға бармай қалуға болмайтын, ал онда қабылданған шешімдер бұлжытпай орындалатын. Қайткенде де барасың я құрылтайдың кесіміне мойынсұнбаған болып шығасың. Басқа жол жоқ. Өлбетте, жорыққа жүрген не ауыр дертке шалдығып, төсек тартып жатқандарға кешірім бар, алайда соның өзінде олар алдын ала хабар беріп, өкілін жіберуге міндетті болған.

Құрылтайда әмірші сайлау әдетте өлдебір ресмилік не символизм көрнеді, өйткені сайлауға кім түсетіні алдын ала анық болатындай. Ал, шын мәнінде, қаған сайлаудың өзі жылдарға ұласып кетуі мүмкін еді: ол арада империя тізгінін бұрынғы әміршінің жесірі ұстайтын. Сол сияқты, Жошының ұлы Батудың 1251 жылғы Қарақорымдағы ұлы құрылтайда Мөңкені «Ұлы хан» сайлауға ықпал етпек болғаны да ресми рәсімнен гөрі, жақсы жоспарланған саяси технологияға келіңкірейді. Бұл оқиға атақты парсы тарихшысы әрі мемлекет қайраткері Рашид әд-Диннің «Жамиғ ат-тауарихи» еңбегінде егжей-тегжейлі жазылған.

ҚҰРЫЛТАЙ МҰРАСЫ. Түркі және моңғол халықтарының құрылтай институты исламға дейінгі кезеңнен бастау алып, Ғұн империясы дәуірінен тамыр

БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ – ҚҰРЫЛТАЙ

IV бөлім 52-бап

1. Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы.

2. Құрылтайдың өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және жаңадан шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясының жұмысы басталған кезде аяқталады.

3. Құрылтайдың өкілеттігі Конституцияда көзделген жағдайда және белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Құрылтайдың ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңда айқындалады.

53-бап

1. Құрылтай біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйе негізінде конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайлана-тын бір жүз қырық бес депутаттан тұрады.

2. Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

54-бап

1. Құрылтай депутаттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Құрылтай депутаттарының кезекті сайлау жұмысы істеп тұрған Құрылтай шақырылымының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірмей өткізіледі.

2. Құрылтай депутаттарының кезектен тыс сайлауы Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, оның аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан адам Құрылтай депутаты бола алады.

4. Құрылтай депутаттарының сайлауы конституциялық заңмен реттеледі.

5. Құрылтай депутаттары Қазақстан халқына ант береді.

55-бап

1. Құрылтай депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Құрылтайда депутаттың жеке өзі дауыс береді. Депутат Құрылтай мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаса, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға берсе, бұл заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға алып келеді.

2. Құрылтай депутатының басқа өкілді органдың депутаты болуға, оқушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы талаптарды бұзу депутаттың өкілеттігін тоқтатуға алып келеді.

3. Құрылтай депутатын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрыл-

тайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Құрылтай депутатының өкілеттігі депутат орнынан түскен, қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайда тоқтатылады.

Құрылтай депутаты:

- 1) Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) өзіне қатысты соттың айыптай үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- 4) сайланған саяси партиясынан шыққан немесе шығарылған;
- 5) сайланған саяси партиясы қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылады.

Құрылтай депутаттарының өкілеттігі Құрылтай таратылған жағдайда тоқтатылады.

56-бап

Құрылтай:

- 1) конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды;
- 2) Қазақстан Республикасының Президенті қарсылық білдірген заңдарды немесе заң баптарын қарсылық жәберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайта талқылап, дауысқа салады. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Құрылтай конституциялық заңдарды немесе конституциялық заң баптарын бойынша депутаттардың жалпы санының төрттен үштен бір бөлігін, ал заңдар немесе заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің үштен бір бөлігін қарсылығын ескерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға немесе заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы ескерілмесе, конституциялық заң немесе заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады;
- 3) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы шешім қабылдайды;
- 5) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын жариялайды;
- 6) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;
- 7) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындауға келісім береді;
- 8) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;
- 9) Қазақстан Республикасы Президен-

57-бап

1. Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік менгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады. Құрылтай Төрағаның лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды тарауға құқылы.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасы лауазымынан кері шақырып алынуы, сондай-ақ орнынан түсуі мүмкін.

3. Құрылтай Төрағасы:

- 1) Құрылтай отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 2) Құрылтайдың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етеді;
- 3) Құрылтай Төрағасының орынбасарларын лауазымға сайлау үшін Құрылтайға кандидатуралар ұсынады;
- 4) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 5) Құрылтайдың үйестіру органының қызметіне басшылық етеді;
- 6) Құрылтай шығаратын актіге қол

қояды;

7) өзіне Құрылтай регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай Төрағасы Құрылтай сессиясын ашады.

5. Құрылтай Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

58-бап

1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.

2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күні мен маусымның соңғы жұмыс күні аралығында өткізіледі.

4. Сессия Құрылтай отырысында ашылады және жабылады. Құрылтай сессиясын, әдетте, Қазақстан Республикасының Президенті ашады. Құрылтай сессиялары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

59-бап

1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалатын тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.

2. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

60-бап

1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді.

3. Құрылтай:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі болуына, азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;
- 2) меншік режиміне және өзге де заттық құқықтарға;
- 3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;
- 4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;
- 5) республикалық бюджет, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;
- 6) сот құрылымы мен сот ісін жүргізу

мәселелеріне;

7) рақымшылық жасау мәселелеріне;

8) білімге, ғылымға, мәдениетке, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

9) қасіпорындарды және олардың мүлкін жекешелеңдіруге;

10) қоршаған ортаны қорғауға;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына;

12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне;

14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға;

4. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіптің сақталуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға желден ден қою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасымен енгізген заң жобаларын Құрылтай дереу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Үкімет өзіне жауапкершілік ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

61-бап

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң және қаулы қабылдайды.

2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен заңды қабылдайды.

Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

62-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консултациядан кейін Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

(Қазақстан Конституциясының жобасынан)

ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ҚҰРЫЛТАЙЫ МЕН МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫ.

1206 жылы, осыдан тура 820 жыл бұрын қазіргі Моңғолияның солтүстік-шығысындағы Онон өзенінің жағасында тарихтағы ең айтулы құрылтай өтті. Адамзат тарихы соған «дейінгі» және содан «кейінгі» болып бөлінеді десек, артық айтқандық емес: себебі сол құрылтайда қабылданған шешімдер әлі күнге Еуразияның көп бөлігін саяси һәм мәдени келбетін анықтап отыр. Сол айтулы құрылтайда моңғол және түркі тайпаларының өкілдері жиылып, бір ауыздан Темүжінді ұлы Қаған — Шыңғыс хан деп ұлықтап, хан көтерген. Аталған жиында Шыңғыс ханның Ұлы Ясасы да заң болып күшіне енді.

Басып алған іргелес аумағының көлемі жағынан әлем тарихында теңі болмаған Моңғол империясының негізін қалап, жер-жаһанды жаулаған ұлы Шыңғыс хан дәуірі де, «құрылтай» деген сөздің өзі де сол жиыннан бастау алады. Бұл термин бүкіл Еуразияға тарап, моңғол тіліндегі түпнұсқасымен біздің заманымызға дейін жетті. Алайда бұл институттың тамыры одан да әрірекке, екі мың жыл бұрынғы уақыт қатпарларына бойлайды.

ҚҰРЫЛТАЙ ЖӘНЕ ЕЖЕЛП ТҮРКІ-ЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ. Протоүртікер кезінен және кейінгі түркі мемлекеттік

Ұлы даланың киелі заңын бұзуға батпай, құрылтайда хан атағына таласпады: «Гурган», яғни «ханның күйеу баласы» деген лепесті қанағат тұтты.

Сөйтіп, ежелгі түркі мемлекеттеріндегі құқық нормалары, яғни «төре» — қағанның қалауына, түркілердің құқық салты мен әдетіне және құрылтайда қабылданатын заңдарға сүйенетін. Оның үстіне, жаңа әмірші сайлау, өлдікімге соғыс ашу не халықаралық келісімге келу сияқты ең маңызды шешімдер құрылтайда қабылданбаса, заңсыз саналатын. Дала империялары десе халқын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, жеке-дара билік құрған қаһарлы әміршілер ойға оралады, ал шындығында құрылтайда қабылданған шешім хан қалауынан да биік болған.

ҚҰРЫЛТАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨКІЛЕТІ.

Ежелгі түркі құрылтайларының тарихтағы өзге жиын-кеңестерден бір ерекшелігі — оның функциясы мен өкілеті көп болуында. Құрылтай заң шығарып, өдет-салтқа қатысты нормаларды анықтап қана қоймай, сот міндетін де атқарған. Оның үстіне, тайпа басылары мен әскербасылардың жиыны есепті бас әскери штаб қызметін де атқарған. Жорық, шапқыншылық алдында, тіпті соғыс кезінде де билеуші өз стратегиялық шешімдерін жұрт қалауымен үйлестіріп отыру үшін,

бұл жөнінде мынадай жолдар бар: «Күллі құрмет білімдіге тиесі, Мейлі, ол төр, мейлі, есіктің иесі! Кісі асылы екі түрлі:

Бірі — бек те, бірі — дана елбасы. Елді аларда алмас қылыш жарқылдар, Ел басқарсаң алтын қалам жалтылдар. Заң түзелді, жаһан тыныш жайланды, Әділ заңмен аты аңызға айналды». Салт бойынша соғыс басталып кеткен не қаған қайтқан сияқты төтенше жағдай болмаса, құрылтай үзіліссіз, кесімді мерзімде жылына бірнеше мәрте өтіп тұратын. Жыл басында жұртшылық дін жоралғыларын атқарып, маңызды құқықтық және әкімшілік мәселелерді шешу үшін жиналатын. Бесінші айда мемлекет мәселелерінен есеп алып, заңды өзгертуді талқылау үшін шақырылатын. Ал қыркүйекте көбіне жорыққа дайындықты пысықтау: ат пен адамды түгендеп, жоспар құру үшін жиылған.

Өлбетте, құрылтайда әскер не заң ісі ғана емес, тұрмыс пен саясат ісі де айтылатын. Өдетте талқыға көш жолы, жұрт пен жайылым бөлісу сынды мәселелер түсетін. Оған қоса, ел ішінде ара-тұра бұрқ ете қалатын көтерілістер, сондай-ақ іргелес елдердің қаған дәрегейіне бас ұрмақ тілегі де сөз болар еді. Кей жағдайларда құрылтайлар сот есебінде жүріп, онда маңызды аса жоғары мәселелер ғана талқыға

Бектер, тайпа басылары, әкім-қаралар мен билеушінің жақын-жұрағаты құрылтайға бармай қалса — заңға бағынбай, ашық сес көрсеткені есепті қабылданатын: ондайда шұғыл түрде бөлек құрылтай жиылып, бұзақының жазасы берілетін. Тіпті өлім жазасына кесілуі де мүмкін еді. Бұл тәртіп әйелдерге де қатысты еді: әміршілер мен оның төңірегіндегілердің әйелдері, өпке-қарындағы мен қыздары да құрылтайға қатыспаса болмайтын.

Өйтсе де құрылтайдың ең маңызды міндеті — әмірші (шанюй, қаған, ұлы хан не сұлтан) сайлау болатын және сол шаруаның өзі де, нышаны да Ғұн империясы, Түрік қағанаты, Моңғол империясы мен Қазақ хандығы дәуірінен бері өзгермей келді. Оның жоралғысы да, жаңа сайланған әміршінің ұлық тұтып, ақ киізге салып көтеру де мың жыл өтсе де өзгермеген.

Солайша, ұлық әміршіні құрылтайда сайлап, заңдылығын бекіту Еуразия даласындағы негізгі құқық салтына айналып кеткен. Сондықтан билікті басып алушылар да өз бетінше құрылтай өткізуге құмар болатын. Тарихтан көретініміздей, билеушінің тікелей тақ мұрагері болмаса, құрылтай өзге рудан ел басын сайлауы мүмкін еді. Ал құрылтайда сайланған қаған билігінің заңдылығына еш күмән болмайтын.

тартады, яғни оның екі мың жылдан арғыа кететін тарихы бар. Әр кезеңде, әр мемлекетте оның атауы әртүрлі болған: «кенгеш» (көнес), «құрылтай», тіпті «той» аталған. Мысалы, атақты саяхатшы Ибн Баттута құрылтайды «той» деген. Алайда аты қандай болса да, құрылтайдың заты өзгерген емес. Бұл қашан да заң қабылдап, әміршінің билігін заңдастыратын басты орын болды.

Белгілі тарихшы Михаил Худяков жазғанындай, Орыс патшалығының ақуыскері мен дінбасылары жиылып, саяси-әкімшілік мәселелерін талқылайтын Земский собор да Қазан хандығы құрылтайларынан тамыр тартады екен. Ал Қазан құрылтайлары орыс жылнамаларында «бүкіл Қазан жерінің жиыны» деген атпен белгілі.

Түптеп келгенде, екі мың жылдық тарихы бар заңдылық пен мемлекеттік салты әлі күнге бірқатар ел үшін құқықтық бағдар болып келеді. Мысалы

Кітапхана

ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ОЛЖАСЫ МЕН ОЛҚЫСЫ

Осы жерде еске түсіп отыр. АҚШ-тың Қазақстандағы бұрынғы елшісі Уильям Харрсон Кортни New York Times газетінің 2011 жылдың 5 сәуіріндегі нөмірінде «Қазақстанның әкесі» деген мақала жариялаған еді. Айтқандай, 1992 жылдың 10 тамызынан 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін біздің елде қызмет еткен ол Құрама Штаттардың қазақ топырағындағы бірінші төтенше және өкілетті елшісі болды. Міне, осы қайраткер Қазақстанда Нұрсұлтан Назарбаев құрған режимінің ең осал тұсы кәдесінде жемқорлықты атап өтеді. «Сыбайлас жемқорлық - Нұрсұлтан Назарбаев билігінің ең жанды нәм осал тұсы» деді елші. Мұнысы бекер емес еді. Forbes журналында оның қызы Динара Құлыбаева мен күйеу баласы Тимур Құлыбаевтың ортақ байлығы 2,6 миллиард долларға бағаланатыны айтылған. Ал WikiLeaks сайтында 2010 жылы АҚШ елшілігінің Вашингтонға Құлыбаевтың «үлкен көлемдегі параға құнығын алғанын» жеткізгені жарияланды. Кортни мырза сондай-ақ 1990 жылдары елші

лына барлау жасап, оның есебін шығарып тұратын Transparency International деп аталатын үкіметтік емес халықаралық ұйым да айғақтап берді. Оның 2018 жылғы мәліметі бойынша, Қазақстан есепке алынған 180 мемлекеттің арасында 124-орыннан көрінді. Ал 2005 жылы 158 дәулеттің ішінде 107-орында болды. Осының өзі сол уақыттан бері жағдай нашарламаса, жақсара қоймағанын байқатады. Міне, елді көп жылдардан бері шырғауықтай шырғап алған осы дауасыз жемқорлық пен парақорлық халықтың ығырын шығарып бітті. Жемқорлық жетісінің тым тереңге тамыр байлап алғаны сондай, бүгінде оның шырғауықтай шұбатылған шарпуының қол жеткізбеген саласы жоқ. Соның ішінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің ошағы - білім беру мекемелерін соңғы жылдары осы індеттің меңдеп алғаны ішті қан жылатады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің өткен жылғы мәліметі бойынша сала қазір көш басын ешкімге бермей, жеке-дара топ бастап келеді. Бұдан кейінгі орындарда тап осындай қасиетті сала саналып келген денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамту жүйелері тұр. Бұдан кейін ел болашағының өзі барынша қорқынышты болып көрінер еді.

2020 жылы британдық журналист Том Берджестің «Клептопия: «Лас ақша» әлемді қалай жаулайды?» деген кітабы шығып, дүниені дүр сілкіндірді. Фолианттың басым бөлігі Қазақстан клептократиясына арналған екен. Ал бұл термин «ұрылар билігі» дегенді білдіреді. «Азаттық»

арасында тұр. Қазақстан батыс демократиясының «ішіне кіріп», көп жыл бойы ықпал сатып алуға және Назарбаевтың батыстағы беделін өзгерту үшін ықпалды имиджмейкерлерді ұстап қалуға тырысты. Қазақстан - постсоветтік әлем мен үлкен демократиялар арасын байланыстырушы көпір», - дейді тағы. Содан соң автор тілшінің сұрағына жауап бере келіп: «Қазақстан нақтырақ айтқанда, ондағы басқарушы режим, әлемде алғашқылардың бірі болып мұнай мен газдан түскен табысты өзіне шетелде «легитимділік» сатып алуға жұмсады. Ресей, Қытай сияқты мемлекеттер де ықпал ету науқанын жүргізіп тұратыны белгілі. Ал Қазақстан - батыстың алдында құрметке бөленіп, беделді ел ретінде көрінгісі келетін кішігірім мемлекет. Нәтижесінде, Назарбаев режимі Париж, Лондон, әсіресе, Вашингтондағы ықпалды адамдармен қарым-қатынас құруға басымдық берді. Сондықтан Қазақстанды «жаһандық сипатқа ие клептократия» деп атаймын», - дейді Берджес сонында. Белгілі философ Әбдірашит Бәкірұлы әлемде «бай мемлекет», «кедей мемлекет» деген ұғымдардың қалыптасқанын айта келіп, бұдан әрі байлықтың мемлекетке кім үшін және не үшін қажет екенін сұрайды. Сөйтеді де, оған өзі «Мемлекеттің байлығы осы мемлекетті құрып отырған халық үшін қажет» деп жауап береді. Өйткені, мемлекет деген кең мағынасында алғанда, бар болғаны сол байлықты халықтың игілігіне жаратудың тетігі не құралы ғана! Сол себепті мемлекетті

деп санаптын болса, онда, міндетті түрде, барлық байлық тек «мемлекет байлығы» болып шығады да, ол байлық халықтың емес, «мемлекет» атты құралды қолына ұстаған биліктің, не болмаса олар құрған кландық топтардың, жоғарымен байланысы бар өзге де алаяқтардың «байлығы» болып шыға келеді» деген түйін түйеді. Біз әлгінде айтып өткен клептократияның нағыз классикалық үлгісі болып табылады.

Әбдірашит Бәкірұлының ойынша, осындай жолмен өмірге келген кландар мен олигархиялық топтар «мемлекет байлығын» өздерінің «жеке байлығына» айналдыру үшін қоғамда (қоғам - халықтың өмір сүру формасы) сыбайлас жемқорлықты, заңсыздықты, неше түрлі азғындықты туындатады. Осыдан келіп, жемқорлық індетін елдегі өмір сүру қалпына айналдырып жіберген ұялас топтардың ережелерін ұстануға мәжбүр етілген халық «лай судағы соқыр балыққа» ұқсап қалады. «Міне, жоғарыдағы басты сұраққа жауап беру үшін осы мәселелерді анықтап алу керек екені осыдан білінеді. Бұдан көретіміз, Назарбаев жүйесінің (Назарбаевтың да) ең басты қателігі деп «мемлекет байлығы» деген түсінікті мазмұнынан халық деген атрибутты сызып тастағанында болып отыр дер едік. Нәтижесінде мемлекет өз алдына, халық өз алдына өмір сүруші субъектілерге айналды да, «мемлекет» аздаған топтың «құралы» болып шыға келді», - дейді соңында философ жазушы.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

ҚАҢҚАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

I-тарау

ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

ретінде Назарбаевпен алғаш танысқан шағын: «Мені сол кез Ресейдің бұл республикамен ашықтан-ашық жемқорлыққа итермелейтін қатынас орнатуы таң қалдырды. Кремльдің энергетикалық «құдайлары» республиканы өзінің табиғи байлығының адал үлесінен қағылып қалуға мәжбүрледі», - деп еске алады. «Алайда көп ұзамай бұл қысымды басқа тараптан келген анағұрлым тиімді ұсыныстар ығыстырып шығарды. Бірақ соңғы уақытта Қазақстанның мұнай-газ саласына салынатын инвестициясы шатқаяқтап, сыбайлас жемқорлықтың құрбанына айналып кетті. Халықтың жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімінің басым бөлігі аз ғана адамның қолында тұрды», - деп атап өтті ол сосын. Ал Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық жайын Египетпен салыстырғанда, Кортни: «Египеттің қуылған президенті Хосни Мұбарак секілді Нұрсұлтан Назарбаев та экономиканы көтеріп, қоғамның сұранысын қанағаттандырды. Алайда сыбайлас жемқорлық мәселесі көмейге кептелген тас сияқты күрделі күйінде қалып отыр» дегенді ашық айтты. Мұны әлемдегі сыбайлас жемқорлықтың ахуа-

тілшісімен әңгімесінің барысында автор біздің еліміздің негеге әлемдегі әлеуетті клептократиялардың біріне жатқызыатынын айтады. «Кітапта «лас ақшаның» әлемді қалай жаулап жатқаны, ауқымы артып келе жатқан жемқорлықтың көмегімен басқару әдісінің қаншалықты кең тарағаны жайлы айтылады. Мен мұны «клептопия» деп атаймын», - дейді публицист. Ол Қазақстанда сырттан келген олигархтар Александр Машкевич, Алиджан Ибрагимов және Патох Шодиев үстігіне кең тоқталады. Бұдан әрі Том Берджес кітаптағы ең ірі тұлға ретінде Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі айрықша аталатынын әңгімелейді. «Менің ойымша, Қазақстан - транслаттық клептократиядағы негізгі элемент. Ол әлемдегі ең ірі клептократия саналатын Қытай мен Ресейдің

«бай - кедей» деп бөліп атағанда, онда жасайтын халықтың қандай мөлшерде бай не кедей екені мен мемлекеттің соған сай қуаттылығына ой жүгіртіп тұрамыз. Философтың пайымынша, сондықтан кез-келген халық өзінің бар қазынасын мемлекет әлеуетін арттыруға, сол арқылы өзінің (халықтың) баршылықта өмір сүруін қамтамасыз етуге жұмсайды. Бұл - мемлекеттің де, онда ғұмыр кешіп жатқан халықтың да тіршілік ету дағдысы мен дамуының жеке-дара шарты, басқаша айтқанда, өмірлік басты мақсаты мен кредосы. Мұның бәрі «мемлекетті басқару принциптері» негізінде жүзеге асырылады. Автор бұдан әрі: «Ал егер осы аталған «басқару принциптері», яғни «билік принциптері» мемлекет байлығын «халықтың байлығы» деп емес, тек қана «мемлекет байлығы»

Олай болса, Қаңтар қырғынының туып кетуіне мемлекет (билік) пен халықтың осылай екі қарама-қарсы топқа бөлініп кетуінің де салқыны кем болған жоқ. Осы бөліністің ортасында билікке қатысты және билікке жақын бақуатты кісілердің Дубайда, Лондонда, Монакода, Швейцарияда, Францияда, Испанияда, Түркияда және басқа жерлерде бой көтерген әулім замонары, сарайлары, виллалары, Еуропа теңіздері айдынында жүзіп жүрген яхталары тұр. Біз мақаламызда бұлар жайында жан-жақты баяндауды жоспарластырып қоймағандықтан, бұдан артық ештеңе айтпаймыз. Олардың жайларын білгісі келетіндер үшін қазір қажетті мәліметтерді беретін дереккөздер өте көп. Бірақ қарағай басын шортан шалған қандай бір зобалаң заман туса да, «жетімін жылтатпаған, жесірін қаңғытпаған» халықтың ұрпақтары осы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сондай масқараға ұрынғанын бір ауыз сөзбен қозғамай өте алмаймыз. Жат жұртқа сатылып, ел асып кеткен жетімдердің көз жасы сондай кісібилікке барған залымдарды түбі текке жібермейді деген үміттеміз.

АЙСҰЛТАН АҢҚАРТҚАН АҚПАР

Осы жерде еске түсіп отыр, бұрынғы президенттің жиен немересі Айсұлтан Назарбаев Қаңтар оқиғасынан бір жарым жыл, өзі жан тапсырғанға дейінгі жарты жылға жуық уақыт бұрын Алматы маңындағы таулардың жондарында соғысқа астыртын дайындалып жатқан бір сойқан содырлар жасағы бар екені жөнінде хабарлама жариялаған болатын. Нақты айтқанда, ол 2020 жылдың 6 маусымында Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасына пост қалдырып, онда Нұрсұлтан Назарбаевтың жанында жүрген бір шоғыр жансыздың соңғы кездері мемлекеттік төңкеріс жасауға қызу өзірленіп жатқанын баяндап берген. Бірден айтып қояйық, кейін көзіміз жеткендей, оның тосын таралған тұспалы әшейін айбарға өңіме емес, шын мәніндегі ақиқи ақпар болып шықты. Осы арқылы-ақ жас жігіт мемлекеттің бүгін мен ертеңіне шынайы жаны аштынын, оның тағдыры үшін айрықша алаңдайтынын анық аңғартты.

Бірақ былайғы жұртқа бұлтсыз күнгі найзағайдай қатты әсер еткен бұл дүрмекті дабылға сол күндері экс-президент жағынан да, билік тарапынан да селт етіп бас көтеріп, елп етіп елең қаққан ешкім болмады. Өлде ақпараттың ошары астыртын болса да, біршама тексеріліп көрілді ме, жоқ сол қалпында меніреу жартасқа барып соққан жаңғырық секілді айтылған жерінде қазбаланбай қалып қойды ма, оның мәнісі біздің қаперімізге жеткен жоқ. Бірақ суыт хабардың бір мемлекетті орыннан тік тұрғызып, бірден сөздің сілтеуіне нысана болып отырған маңайдың тозаңын аспанға ұшырып, астын үстіне түсіре қарап, сүзіп шығатындай қуатты қауқары бар-ақ еді. Бәлкім, жоғары билік топшысынан сондай атты тапсырма берілген де шығар, алайда оның барлық бүгегісін бүлік еткізбей зерттеуге құқылы құқық қорғау органдары бұған соңынан сүйейсалды жауап бере салулары да мүмкін ғой. Солай болуы ғажап емес екенін олардың негізгі буындары өкілдерінің соңыра орын алатын қақтығыстар күндерінде ешбір әлеуетті әрекетке қол ұрмай, кабинеттерін түгел бір кісідей көпе-көрнеу тастап шыққандары да андата түседі».

Сонымен, Айсұлтан желі жүзінде сауын сала отырып, елімізге төнгелі тұрған алапат апат пен қауіпті қатердің жай-жапсарын атты алашқа қалай жаппай мәлім етті? Оның айтуынша, «жалғыз және бір ғана Құдайдың» өзі одан «осы сөздерді Елбасына жеткізуді сұраған» көрінеді. Осылай «өзіне

жеткен аяңға» арқа сүйеген арлы азамат нағашы атасының айналанындағы ат төбеліндей торқалы топ шолақ шалбарлы салафиттердің өлекедей жаланған жамағат жасағын құрып алғанын алға тартты. Сол дүмді демеушілер оларды барлық қажетті заттармен соның ішінде қару-жарақпен толық қамтамасыз етіп қойынды. Нақтылай атап өткенде, саны 400-ге жетіп жығылатын қарақшы қауымның бір мақсаты билікті күшпен басып алу болған, міне, енді сол міндетті жүзеге асыру үшін «ормандар мен тауларда» жасырын жаттығулар жасап жатыр.

Айсұлтан өзінің жазбасында «олардың бір бөлігі Астанаға жақын жерде, елордаға қанаттас Орталық Қазақстан облысының аумағына көшірілгеніне» назар аудара келіп, содырлар сапын спутник пен радар барлауы арқылы оңай тауып алуға болатынын ескерттеді. Ал жалған жауынгерлерді мұнда әкелудегі диттеген мақсаттары қарулы көтеріліс басталып кеткенде оларды ел байтағына жылдам жеткізу болған. Бұдан әрі жас жігіт: «Олардың екінші жоспары осы! Бірақ - бұл орындамайтын шаруа. Өйткені, альфа мен омега: бұл - әрбір істің басталуы мен аяқталуы деп айтты», - деп жазып, өзінің оқиғаға орай түйінді болжамын білдірді.

Енді жазбаларының бәрін орыс тілінде жазған Айсұлтан мәтінінің түпнұсқасын ұсынып көрейік. Орфографиясы мен тыныс белгілеріне қол тигізбей, сол қалпы бергенде, ол былай болып өріледі: «Один и единственный Бог просил также передать Нурсултану Назарбаеву Ел Басы о том что окружение Ел Басы спонсирует и обеспечивает сформированную группу салафитов всем необходимым, в том числе и оружием. Их численность около 400 человек. Они вооружены всем необходимым оружием для исполнения насильственного захвата власти, то есть в силовым путём. Их прячут в лесах и горах, и часть из них была перебазирована в центральной Казахстан по ближе к столице! Спутникова и радиолокационная разведка смогут с легкостью найти их! Это и есть их второй план! Но этому не бывать, ибо так сказал альфа и омега начало и конец».

Айсұлтан мұнымен де тоқтамайды, ол арада үш тәулік өткеннен кейін, яғни 9 маусым күні Ресей Федерациясының президенті Путинге «Қазақстанда алдын

ала жоспарластырылып қойылған төңкеріс туралы барлау мәліметтерін» жеткізбекші болып, оған Facebook арқылы үн қатады. Мұнда айтылған сәлемдемесін мемлекетаралық арналар арқылы емес, Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке өз қолына аманат етіп жеткізуді өтінеді. Түсіндіруінше, республикада таяу уақыттарда орын алғалы жатқан барша топаланың ту сыртында АҚШ-тың Орталық барлауы (ЦРУ) тұр. Ал Вашингтонның тыңшылық қызметі жүгенсіз әрекеттерге алдын ала дайындалған саппас салафиттер мен радикалды ағымдағы имансыз исламистерді тартап. Жаулық іс-қимылының бәрі не дтіп, не ұлтшылдық негізінде басталып кетуге тиіс. Жоспар жобасында солай. Қарсы қасқой жақ мұнда Ресейді жан-жағынан қоршап, қыспаққа алып, бейтарап хәлге жеткізу үшін дәл иегі астында жапатармай береді сәздіктің кеңге етек жаюына жол ашуды басты міндет етпек. Ол сонымен бірге бұл жоспардың шегесі сонау 1995 жылы-ақ қағылып кеткенін жеткізеді. Сондай-ақ өте мұқият ойластырылған шараға Президентке өте жақын шеңберде жүргендердің де қатыстары бар екенін ашық айтады. «Также замешано ближайшее окружение президента, этот была тщательно продуманная операция!» деп түсіндіреді орда бұзар орта жастағы жігіт.

Адалына көшкенде, бұл өзі білетін шындықты көпшілікке жеткізбекші болып шырғылдаған Айсұлтанның әлеуметтік желіде бірінші рет көрінуі емес еді. Құлақтары түрік ағайын оның бұған дейін 2017 жылдың 17 қаңтарында Facebook бетінде дәл сондай миссиямен көрініп, Нұрсұлтан Назарбаевтың аттарып келе жатқан жұмысы мен «жемқорлық жасады» деп айыпталып отырған шенді шенеуніктерге қатысты өзекті ойларын білдіргенін жақсы біледі. Осылайша әулетінен алғашқы болып қоғам өміріндегі қайшылықтар мен көлеңкелі тұстарға қатысты ой тарқатқан ол сондай-ақ «ағашқалар дәуірі» енді аяқталып қалғанын» сеніммен әзір масаттана жазды. Оның пікірінше, қазіргі Қазақстан дүйім халықтың көз алдында тез өзгеріп келеді. Сонымен бірге, ол Президент айналасында жүрген «ұрылар» жайында да сөз қозғап өтуді ұмытпады.

Осы орайда Айсұлтан Назарбаевтың нақты кім екеніне де аз-кем тоқталып кетейік. Ол - Дарига Назарбаева мен

Рахат Әлиевтің Алматыда 1990 жылы 26 тамызда туған екінші ұлдары, яғни бұрынғы президенттің жиені. Ұлан оқушы кезінде әуелі Астанадағы Халықаралық үздіксіз білім беру колледжінде оқыды, сосын Австрияның Зальцбург қаласында орналасқан Америка халықаралық мектеп-интернатында білім алды. Кезінде бұқаралық ақпарат құралдарында жазылғандай, бұлардың соңғысында жүргенінде мектептен берілетін азғантай шәкіртқағы өмір сүріп, ақшаны үнемдеуді үйреніпті. Бұдан кейін, 2010 жылы Британиядағы Сандхерст Корольдік әскери академиясын бітіріп, Қазақстан Қорғаныс министрлігіне қарасты бас барлау басқармасының штатына қабылданады. Ол жауынгерлік ұрыс қимылдарына тең операцияларға қатысқаны үшін британ елінде «Жетістігі үшін» медалімен марапатталған. Ал елге келесін бірқатар уақыттан соң Отардағы әскери бөлімде міндетін өтеу аттанып, аға лейтенант тағын алған.

Алайда Айсұлтан Назарбаев араға көп мерзім салмай-ақ әскери саладан біржола кетіп, өмірінің біраз бөлігін өзі бала жасынан жақсы көрген футболға арнайды, сөйтіп, онымен кәсіпқойлық негізде айналыса бастайды. Ол әуелі әкесі Австрияда елші болып жүрген кезде сол елдің «Адмирал Вахкер» клубы сапында алаңға шығып жүреді. Бұдан әрі Англияға барып, Лондонның «Челси» командасы жасөспірімдер тобына жазылды, содан соң «Портсмут» жасағында ойнап, сол ел чемпионатының қола жүлдегері атанды. Ал 2006 жылы Астананың «Рахат» командасы сапында Қазақстанның бірінші лигасында екі ойын өткізді. 2007 жылы Алматының «Железнодорожник» клубы құрамында ойнады. Сонымен қатар 2006 жылы Еуропаның жастар арасындағы чемпионатының іріктеу турниріне қатысты. Бұдан кейін, 2011 жылы «Астананың» қосалқы құрамынан көрінді. 2012 жылдың 21 қазанында «Сұңқар» жасағы сапында халықаралық матч өткізіп, футболшылық мансабын аяқтады.

Айсұлтан 2013 жылы 31 тамызда белгілі кәсіпкер Қайрат Боранбаевтың қызы Әлимаға үйленді. Оның таңдап алған өмірлік серігі «Астана» Ұлттық суреттер галереясында мәдениеттанушы және тәлімгер болып жұмыс істейтін еді. 2016 жылы 9 маусымда олар Амели есімді қызды болды, кей-

нірек Сұлтан ныспылы ұлы өмірге келді. Ойыншы ретінде ерекше жарқырап көрне алмаған Айсұлтан 2015 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Футбол федерациясының президенті лауазымына өз кандидатурасын ұсынады. Осыған байланысты ол «бар білімін, күші мен қуатын Қазақстан футболын дамытуға жұмсайтынын» баяндады. Бұл кезде федерацияға өткен жылдан бері Ерлан Қожағанов жетекшілік етіп келе жатыр еді. Тағы бір жылдан кейін тыным таппас қайсар жігіт кәсіби футбол клубтарын үлкен аккумуляторға теңей келіп, өзінің оларға от беруге бағытталған креативті ойларын ортаға салды. Осының бәрінің әсері болған шығар, 2017 жылдың ақпанынан қазан айына дейін Қазақстан футбол федерациясының ФИФА, УЕФА халықаралық ұйымдарымен және ұлттық қауымдастықтармен байланыс жөніндегі вице-президенті болып қызмет істеу мүмкіндігіне қол жеткізді.

Алайда Айсұлтан Назарбаевтың футбол функционері ретіндегі белсенді іс-әрекеттері осымен тамам болып, ол шұғыл басқа шаруалармен шұғылданып кетті. Жоғарыда айтып өткеніміздей, оның блогер ретінде әлеуметтік желіде көрініп, көкірегін керіп бара жатқан «бүлікшіл» ойларын батыл айта бастауы осы тұстан шылыбыр ұзатады. Сол 2017 жылы сондай-ақ Facebook-те есірткіге үйірсектік танытып жүргенін алғаш рет мойындады. Жазушына, нашакорлық деген дертке атасы, академик Мұхтар Әлиев қайтыс болып, әкесі Рахат Әлиев Австрияның түрмесінде түсініксіздеу жағдайда өзін-өзі өлтіргеннен кейін бой алдырып қойған. Кейін есірткіге тәуелділікті жеңуіне нағашы атасы мен Алла Тағаланың жардам бергенін айтты. Бірақ оның нашадан біржола қол үзгені жалған болып шықты...

2017 жылы Айсұлтан Назарбаевтың төңірегі дау-жанжалға толып өтті. Сол жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың аты аңызға айналған қаһарманы, даңқты генерал Иван Панфиловтың шөберелері, ағайынды Ержан және Асқар Бірімжановтардың шаруашылық басқармасы президент жиенінің Астанадағы элиталы пәтерін италян дизайнерлерінің жобасы бойынша жөндеуден өткізіп беруді бөдіретіне алады. Бірақ жұмысты ақырына дейін жеткізбей кетеді. Сол үшін соң іс қарап, Панфиловтың ұрпақтарын жеті жылдан бас бостандығынан айырады. Бірақ төрт айдан кейін олар ақталып шығарылады.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗАДЫ?

– Ауыз берік кезде әдейі бір нәрсені ішіп-жеу;
– Темекі шегу, насыбай ату, дәрі ішу, құрамында нәрлі заттары бар укол қабылдау;
– Жаңбыр тамшыларын әдейі жұту. «Ораза кірген нәрселерден ғана бұзылады, шыққаннан емес» – деп хадисте жазылған.

– Әйелімен жақындасу. Таң намазынан ақшам намазына дейін жақындасу оразаны бұзады;
Мұндай жағдайда каффарат оразасын ұстау қажет. Каффарат деп рамазан айының оразасын себепсізден-себепсіз біле тұра бұзып жіберсе, екі ай ораза ұстауды, оған шамасы келмесе алпыс кедейді тамақтандырып, тойғызуды айтады.

– Ауыз ашып қойған адам қандай жағдайда оразаны жалғастыра алады?

• Таң атса да, таң атқанынан күмәнданып сәресіні ішкен жағдайда.

• Күн батпаса да «күн батты-ау» деген оймен ауыз ашқан жағдайда.

• Ауыз-мұрынды шайып жатып абайсызда ішке су кетсе.

• Ауыз ашуға біреу мәжбүрлесе, мысалы, біреу зорлықпен су ішкізсе.

• Ораза ұстауға ниеттенуді ұмытып, алайда күні бойы ораза ұстаған жағдайда.

– Оразада кофе ішуге болады ма?

– Никотиннен бас тарту үшін оны азайту керек. Ауыз ашқанда темекі шекпеген жөн, өйткені дін тұрғысынан да, физиология тұрғысынан дұрыс емес. Күні бойы ашығып, бірден темекі шеккенде түтіні асқазан-ішек жолы мүшелерінің тіңдерін тітіркендіреді. Никотин, кофеин, тәттіні шектен тыс тұтынудан бас тарту керек.

Кофеиннің несеп айдатын әсері бар, ал бұл шөлдеуге итермелейді. Кофеин мөлшерін 300 микрограмға дейін азайту, не тіпті мүлдем тұтынған дұрыс.

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУҒА БАРМАҒАН ДӘЛЕЛДІ?


– Әскерге шақыру алған азамат белгіленген мерзімде келе алмаса, өзін шақырған жергілікті әскери басқару органын хабардар етуге міндетті.

Азамат шақыруға келмеген жағдайда ауыр сырқат; жақын туыстарының, жұбайының қайтыс болуы; зілзала, адамды белгіленген мерзімде келу мүмкіндігінен айыратын өзге де себептер; неке қиюды мемлекеттік тіркеу; Қазақстан Республикасынан тысқары жерде болуы дәлелді себепке жатады.

Бұдан өзге себептермен келмеген жағдайда, бұл жұмыс тиісті ішкі істер органына, яғни полицияға жүктеледі.

ҚОРЛЫҚ КӨРСЕ ҚАЙДА ШАҒЫМДАНУҒА БОЛАДЫ?

– Әскерде зорлық-зомбылық, әлімжеттік, қысым көрсету, заңсыз әрекеттер қылмыс болып саналады. Мұндай жағдайға кез болғанда Бас әскери прокуратураның колл-орталығының 115 нөміріне; Ішкі істер министрлігінің 1402 сенім телефонына; ҚР Қарулы күштері әскери полициясы бас басқармасының +7(7172)54-16-81;



ӘСКЕРГЕ БАРМАҒАНДАРДЫҢ АЙЫППҰЛЫ ҚАНДАЙ?

Әскери қызмет өткеруден жалтарғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген. Әскерге шақыртуды алып, көрсетілген мерзімде себепсіз келмесе 21 625 теңге мөлшерінде айыппұл салынады;

Медициналық куәландырудан, не тексерілу-ден жалтарғандарға ескерту жасалады, немесе 12 975 теңге мөлшерінде айыппұл салынады.

Әскери қызметтен жалтарғандар үшін Қылмыстық кодекстің 387-бабына сай 4 млн 325 мың теңге (1000 АЕК) айыппұл немесе түзеу жұмыстары, немесе бір жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған; Өзінің денсаулығына зиян келтіру арқылы, ауруымен деп жалған сылтаурату жолымен, жалған құжат жасау немесе өзге де алдау арқылы әскерден жалтарғандарға 12 млн. 975 мың теңге дейінгі мөлшерде айыппұл салынады, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады, не 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 110; Полиция шақыру 102; Жедел жәрдемге 103; «Қазақстан әскерінің аналары» ұйымының +7 (707) 498-60-63, +7 (778) 366-15-54, +7 (700) 363-47-00 нөмірлеріне хабарласуға болады.

Әскери бөлімшеде әскери прокуратура, әскери-тергеу басқармаларының офицерлері, әскери полиция органдары, өңірлік қолбасшылық пен әскери бөлім басшылығының сенім телефоны жазылған тақта болуға тиіс. Сол нөмірлер бойынша да хабарласуға болады.

ПОЛИЦИЯ ӘСКЕРГЕ АЛЫП КЕТЕ АЛАДЫ?..

– Бұрын полиция әскерге шақыру ісінде тек белгілі бір жағдайларда ғана жұмылдырылса, енді әскерге шақырудан жалтарғандарды ұстауға белсенді қатысады.

Әскерден жалтарғандарды іздеу; Әскери міндетін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіру және ұстау; Әскерге шақырылғандарды жөнелту кезінде шақыру пункттері мен жинақтау пункттерінің аумағында (оның ішінде вокзалдар мен әуежайларда) патрульдеу жүргізу; Шақырылушыларды қызмет өтетін орындарға жеткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге полиция міндетті.

АҚЫЛЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ АҚЫСЫ ҚАНША?

– Әскерге баламалы қызмет қарастырылмаған. Дегенмен, 24 жастан асқан азаматтарға Қорғаныс министрлігінің «Әскери-техникалық мектебінде» ақылы негізде әскери есептік мамандық алуға мүмкіндік бар. Оқыту мерзімі 40 тәулік, құны 390 000 теңге. Бұл қаржыға тәулігіне үш мезгіл ыстық тамақ, киім-кешек, оқу процесінің шығыстары (оқу ату жаттығулары, жанармай-жағармай) және казармада тұру кіреді.

Әскери-техникалық мектебінің түлектері мерзімді әскери қызметке шақырылмайды.

ӘСКЕРИ КАФЕДРАДА ОҚУ ӘСКЕРДЕН БОСАТА МА?

– Университеттің әскери кафедрасында оқығандар оқу орнын бітірген кезде лейтенант шенін алады және әскери қызметке шақырылмайды.

Алайда кейбір жағдайда әскерге баруға міндеттеледі.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАНДАЙ?

2025 жылы 18 шілдеде жаңа Салық кодексіне қол қойылды. Жаңа Салық кодексіндегі ең негізгі өзгерістер мынадай:

- Сараланған салық ставкалары енгізілді.
- ҚҚС реформаланды.
- «Сән-салтанат салығы» енгізілді.
- Арнайы салық режимдері өзгерді.
- Салық жеңілдіктерін алудың ашық және нақты ережелері әзірленді.
- Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру қарастырылған.
- Сервистік модельге көшу жүргізіледі.
- Салық есептілігінің нысандары 30% - ға қысқарды.

КТС САРАЛАНҒАН СТАВКАЛАРЫ БЕЛГІЛЕНДІ

Жекелеген қызмет түрлерін қоспағанда, КТС ставкасы салық салынатын табыстың 20% мөлшерінде белгіленген:

Банк қызметінен (бизнесіне кредиттеуді қоспағанда) - 25%;

Ойын бизнесінен-25%;

әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметінен (білім беру, медицина) – 2026 жылдан бастап – 5 пайыз, 2027 жылдан бастап – 10 пайыз.

ауыл шаруашылығы өнімін, балық шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар алған ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сондай-ақ өзі өндірген аталған өнімді қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметтен – 3 пайыз;

ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметінен – 6 пайыз мөлшеріндегі ставкалар қарастырылған.

КТС есептеу, декларациялау және төлеу тәртібі бойынша да өзгерістер қарастырылып отыр. Аванстық төлемдер бойынша шек 350 000 АЕК-тен 600 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды Декларация тапсырылғанға дейін аванстық төлемдер бойынша есеп алынып тасталды.

АКЦИЗ

Алкоголь өніміне, коньякқа, шарапқа, сыраға, темекіге, табакқа және т.б. жыл сайынғы өсіммен акциз мөлшерлемесі 10%-ға ұлғайтылды.

Құны 18000 АЕК-тен асатын жеңіл автомобильдерге, құны 24000 АЕК-тен асатын кемелер мен өлеу кемелеріне құнының 10% мөлшерінде акциз мөлшерлемелері белгіленді.

Сондай-ақ, 2026 жылдан бастап энергетикалық сусындарға акциздің литрине 100 теңге мөлшерінде ставкаларын белгілеу, кейіннен 5 жыл ішінде 240 теңгеге дейін ұлғайту жаңалық болып табылады.

Энергетикалық сусындарға акциз салу тәртібі алкоголь өніміне салық салу тәртібіне ұқсас.

МҮЛІК САЛЫҒЫ

Егер міндеттемелер сомасы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін 300 АЕК-тен аспаса, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебі тапсырылмайды. Бұл салық төлеуші тек жылдық қорытындысы бойынша декларацияны тапсырады және тиісінше төлемді жүргізеді.

Ғимараттар, құрылыстар бойынша салық базасы мүлкікті қайта бағалауды ескере отырып, бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны болып табылады.

Бұл ретте мүлкікті мұндай бағалау әрбір үш жылда кемінде бір рет жүргізілуі тиіс.

Төлемақылар

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы алынып тасталды (алкоголь өнімдерін сату, ойын бизнесі).

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН

САЛЫҒЫ БОЙЫНША

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап айналымдар мен импортқа ҚҚС 16 пайыздық мөлшерлеме бойынша салық салынады.

ҚҚС бойынша есепке қою шегі 10 000 АЕК құрайды.

Медицина саласында: дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, медициналық бұйымдарды жинақтаушыларды, сондай-ақ техникалық қосалқы (компенсаторлық) құралдарды өткізу бойынша, медициналық қызметтерді өткізу бойынша айналымға және импортқа 2026 жылдан бастап 5% және 2027 жылдан бастап 10% төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді.

Отандық мерзімді баспа басылымдарын өткізу бойынша айналым мөлшеріне 10% төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ

6 пайыздық мөлшерлемені белгілей отырып, әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың өзара байланысы алынып тасталды.

Өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өткізу, қайта өңдеу және осындай қайта өңдеу өнімдерін өткізу қызметтерін жүзеге асыруға байланысты салық салу объектілері

САЛЫҚТАР МЕН БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕРДІ ТӨЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ

Өндіріп алудың жаңа тәртібіне сәйкес:

20 АЕК-ке дейін – хабарламаны жолдау және өсімпұлды есептеу;

20 АЕК-тен астам - хабарлама жіберу, өсімпұл есептеу, шоттарды бұғаттау және инкассалық өкімдер шығару;

45 АЕК-тен астам - мүлікке тыйым салуды, дебиторлардан өндіріп алуды қоса алғанда, барлық өндіріп алу шаралары;

27 000 АЕК-тен астам - шет елге шығуға тыйым салу (сот шешімі бойынша 3 айдан астам берешек өтелмеген жағдайда).

Әлеуметтік төлемдер

Тәуекел дәрежесін есепке алмай, әлеуметтік төлемдер бойынша 6 АЕК-тен астам мөлшердегі берешекті өндіріп алу қарастырылған.

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

Пайдалану мерзімі 10 жылдан асатын жеңіл автомобильдер бойынша көлік салығын есептеу тәртібі өзгертіліп, оларға түзету коэффициенті – 0,7, пайдалану мерзімі 20 жылдан асқандарға түзету коэффициенті – 0,5 қолданылады.

Шаруа фермер қожалықтары бір пикап көлігі бойынша көлік салығын төлеуден босатылды.

2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін Қазақстанда өндірілген (дайындалған немесе жиналған) немесе Қазақстанның аумағына әкелінген, қозғалтқыш көлемі 3000 текше сантиметрден асатын жеңіл автомобильдер үшін мөлшерлемелер алынып тасталды.

Заңды тұлғалар үшін көлік құралдарына салынатын салық бойынша ағымдағы төлемдердің есебін (салық есептілігі) ұсыну бойынша міндеттеме алынып тасталды, салық төлеуші тек жыл қорытындысы бойынша декларацияны табыс етеді және тиісінше төлемді жүргізеді.

Сонымен бірге Үкімет тарапынан жаңа салық Кодексіне қатысты макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық реформалардың теріс салдарын азайту мақсатында «Таза парақтан» шараларын қабылдап жатыр. Атап айтқанда камералдық бақылау, салықтық тексерулерге қатысты, ҚҚС есепке қою бөлігіндегі әкімшілік жауапкершілікке тарту бағытында, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығару түріндегі қолдау шаралары қолданысқа енгізілді. Осы бағытта бүгінгі таңда жаппай түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Осы орайда, ҚР ҚМ бастамасымен жаңа Салық кодексінің қолданысқа енуіне орай, 2026 жылдың 5 қаң-

бойынша 1,8 пайыз мөлшерлемесі

бойынша әлеуметтік салық есептеледі.

Әлеуметтік салық төлеушілер болып табылатын дара кәсіпкерлер немесе жеке практикамен айналысатын адамдар әлеуметтік салықты:

өздері үшін - төлеу күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде;

әрбір жұмыскер үшін төлем күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшерінде есептейді.

Шаруа немесе фермер қожалықтары әлеуметтік салықты: өздері үшін – АЕК-тің 0,6 еселенген мөлшерінде;

әрбір жұмыскер үшін - АЕК-тің 0,3 еселенген мөлшерінде есептейді.

САЛЫҚ

ЕСЕПТІЛІГІ

Салық есептілігінің нысандары 30%-ға қысқарады.

Жаңа Салық кодексі шеңберінде қолданыстағы 39 салық есептілігінің 12 салық есептілігі (30%) жойылады.

САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ (БӨЛІП ТӨЛЕУ)

Уақытша қаржылық қиындықтар кезінде 1500 АЕК-ке дейінгі қарызы бар салық төлеушілер үшін кепілді бағалау және сақтандыру қажеттілігінің, кепілсіз бөліп төлеуге рұқсат беріледі. Деңгейлес мониторингке қатысушыға кейінге қалдыру (бөліп төлеу) мүлік кепілсіз және банктік кепілдіксіз беріледі.

Өнім өндіруге арналған тауарлар (шикізат) бойынша импортқа ҚҚС төлеуді кейінге қалдыру көзделген.

Салықтық тексеру:

1) салық төлеуші (салық агентінің) өтінішті, талаптарды берген;

2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер болған;

3) салық органы салықтық тексеруді жүргізу туралы шешім қабылдаған;

4) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайларда тағайындалады.

Маңызды өзгерістер:

- жоспарлы тексерулер алынып тасталады;

тарынан бастап «Халық бухгалтері» республикалық акциясы бастама алды. Ол жерде салық төлеушілерге жаңа салық Кодексінің өтпелі кезеңінде енгізілген өзгерістерді түсіндіру, ақпараттық жүйелер арқылы хабарламаларды жіберу тәсілдерін көрсету бағытында білікті аудиторлар мен халықаралық сертификаттары бар бухгалтерлер кеңес беруде. Біздің департаментте де әр аптаның бірінші, үшінші, бесінші күндері жергілікті білікті бухгалтерлер салық төлеушілерге тегін консультациялық көмек көрсетуде.

(Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары А.С.Еламановтың брифингі бойынша дайындалды).



Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы К.ҚҰРАҚБАЕВА:

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ КӨБЕЙМЕЙДІ...

Өткен жылдың қорытындысымен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бекітілген жоспарға сәйкес барлық негізгі көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етті.

Қалада 151 301 экономикалық белсенді халық бар. Жұмыссыздық деңгейі 4,4% болып, белгіленген межеден төмен қалыптасты.

Жыл ішінде 12 431 жаңа жұмыс орны құрылып, оның 7 291-і тұрақты жұмыс орындары болды.

10 мың тұрғынға 100 жұмыс орнын ашу тапсырмасы 111,8%-ға орындалды.

Жыл көлемінде "Мансап" орталығына 26991 азамат жүгініп, 12412 адам жұмыспен қамтылды, 4596 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Мемлекеттік қолдау шаралары нәтижесінде 2 923 адам қоғамдық жұмыстарға, 1 224 жас жастар тәжірибесіне, 501 азамат «Күміс жас» жобасына, 100 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жолданды. 564 азамат жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант алды. Нысаналы топтарды қолдау Пробация есебіндегі және жазасын өтеп шыққан азаматтардың 102-сі тұрақты жұмысқа орналасты. Мүгедектері бар 910 азаматтың 68-і тұрақты жұмыспен қамтылып, жүздеген адам қоғамдық жұмыстар мен кәсіптік оқуға тартылды.

Әлеуметтік қолдау шаралары туралы айтар болсақ, 2025 жылы бөлім арқылы 22 107 мемлекеттік қызмет көрсетілді. 3508 отбасыға атаулы

әлеуметтік көмек тағайындалып, 18 216 адам қамтылды. 1–6 жас аралығындағы 5 590 балаға қосымша төлем берілді.



229 отбасы тұрғын үй көмегін алды. Жеңістің 80 жылдығына орай мыңнан астам ардагер мен теңестірілген азаматтарға біржолғы төлем жасалды.

Аз қамтылған отбасыларынан шыққан 198 студентке оқу гранттары бөлінді. 130 азаматқа бостандыққа шыққаннан кейін әлеуметтік көмек көрсетілді. 1 252 адам жеке көмекші

қызметімен қамтылды. 26 «Инвакати» қызметі жұмыс істеді. 7 927 адамға оңалту құралдары берілді. 521 балаға үйде оқытуға материалдық көмек көрсетілді. 15 094 адамға Республика күніне орай біржолғы әлеуметтік төлем жасалды. Үйде қызмет көрсету арқылы 263 жалғызбасты қартқа көмек көрсетілді. 129 азамат бейімдеу орталығында қолдау алды. 529 зейнеткер жартылай стационарлық қызметпен қамтылды. «Отбасын қолдау» орталығы 3 800-ден астам адамға кеңес берді. Демеушілер есебінен 3 794 отбасыға азық-түлік және материалдық көмек көрсетілді. 12 мың көпбалалы отбасыға спорт нысандарына тегін бару мүмкіндігі жасалды.

Биылғы жұмыссыздық деңгейін 4,5%-дан асырмау жоспары бар. 16 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру, ай сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу, жастарды тұрақты жұмысқа тарту, осал топтарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларына кенінен қатыстыру, мүгедектері бар азаматтарға қолжетімді инфрақұрылымды дамыту, өмірлік қиын жағдайдағы отбасылар санын азайту – негізгі міндет.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАРҚЫНЫ:

ЖАҢА ӨНДІРІСТЕР, ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ

Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы М.ЖЕТИЛГЕНОВ:

ӨНІМ ӨНДІРУДЕ ӨСІМ БАР



Қызылорда қаласында тіркелген кәсіпкерлер саны 35 881-ге жетіп, оның 95,9%-ы нақты жұмыс істеп тұр. Кәсіпкерлік секторында 63 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылып, өткен жылы 374,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 47,1%-дық өсім.

Сауда саласында да оң динамика қалыптасты. Бөлшек сауда көлемі 499,7 млрд. теңге (102,6%), көтерме сауда 314,6 млрд. теңге (115,9%), өнеркәсіп өндірісінің көлемі 549,2 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 108,2 млрд. теңгеге жетіп, тұрақты өсім көрсетуде. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар

369,4 млрд. теңгені құрап, жоспар 14,1%-ға артығымен орындалды. Нәтижесінде жалпы құны 236,3 млрд. теңге болатын 16 инвестициялық жоба іске қосылып, 900-ден астам жаңа жұмыс орны ашылды. Өткен жылы құрылыс материалдары, тамақ өндірісі, шыны, жиһаз жасау, медициналық және сауда нысандары секілді бірқатар жаңа өндірістер іске қосылды.

Биыл қалада жалпы құны 31,2 млрд. теңгені құрайтын 8 жаңа инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделуде. Олардың қатарында вагон жөндеу кешені, өндірістік кәсіпорындар, қызмет көрсету нысандары, спорт-сауықтыру кешені мен қонақ үйлері бар. Сонымен қатар қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу бағытындағы үш ірі жоба басталады.

Сауда базарларын жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Бұл бағытта шамамен 6 млрд. теңге инвестиция тарту жоспарланған. Қазіргі таңда бірқатар базарларда қайта жаңарту және құрылыс жұмыстары жалғасуда.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 359,5 млн. теңгеге 46 жоба қаржыландырылды. Биыл 702,8 млн. теңгеге 65 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Өндірілік инвестициялық орталық арқылы 627 млн. теңгеге 20 жоба, ал екінші деңгейлі банктер арқылы 3,6 млрд. теңгеге 64 жобаға қолдау көрсетілді.

Жалпы, кәсіпкерлікті жүйелі қолдау мен инвестициялық белсенділіктің артуы қала экономикасының тұрақты өсуіне негіз болып, жаңа өндірістер ашу және жұмыс орындарын көбейту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.ҚАЙРУЛЛАЕВ:

МЕРЕЙТОЙЛЫ ЖЫЛДЫҢ МЕРЕЙІ

Өткен жылы қала мәдениеті мен руханиятын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып, ауқымды мәдени-көпшілік және танымдық жобалар жүзеге асырылды. Қала аумағында 34 мәдени нысан бар. Оның 21 кітапхана, 12 клуб және мәдениет үйі, 1 музей, 1 театр халыққа тұрақты қызмет көрсетуде. 99 үйірмеде 1284 өнерпаз шығармашылықпен айналысты. Жыл көлемінде 1155 мәдени іс-шара ұйымдастырылып, 300 мыңға жуық көрермен қамтылды.

Мерейтойлық жыл аясында қаланың ел астанасы

болғанының және тарихи атауының қайтарылғанының 100 жылдығына арналған республикалық және облыстық деңгейдегі маңызды жобалар өткізілді. Атап айтқанда «Көктем нұры» айтысы, «Жауһар жырдың Асқары» мүшәйрасы, «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» өнер байқауы, «Қызылорда – жастар қаласы» концертті мен ұлттық қолөнер көрмелері қала тұрғындарының зор ықыласына ие болды.

Жастар театры 15 қойылымды көрермен назарына ұсынып, республикалық фестивальдер-



де жүзделі орындарға ие болды. 21 кітапхана арқылы кітап оқуды насихаттау, мобильді кітапхана, «КітапTime», «Библиоқеруен» секілді жобалар іске асырылды.

Музей қорында 1186 экспонат сақталып, тарихи-танымдық жұмыстар жалғасты.

Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында құжат айналымының 100% қазақ тілінде жүргізілуіне қол жеткізілді. Қаладағы көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың заң талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша 220 нысанда түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қала көлемінде 84 тарихи-мәдени мұра нысаны мемлекет қорғауына алынып, оларды сақтау және күтіп-ұстау жұмыстары тұрақты бақылауда.

2026 жылы да мәдени-рухани жобаларды жалғастыру, жас таланттарды қолдау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және мәдени инфрақұрылымды дамыту негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.



«Қызылорда тазалығы» КМК директоры Сапарғали АСЫЛБЕКОВ:

ТАЗАЛЫҚТЫҢ ӨЗ ТӘРТІБІ БАР...

Қала аумағында санитарлық тазалықты сақтау, абаттандыру және көгалдандыру бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

2013–2022 жылдары мекеме жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде қызмет атқарып, 2022 жылы Қызылорда су жүйесі құрамына қосылды.

2023 жылғы 26 қаңтардан бастап қайта құрылып, ШЖҚ «Қызылорда тазалығы» КМК ретінде жұмысын жалғастыруда.

Қызылорда тазалығы кәсіпорнының басты мақсаты – қала тазалығын қамтамасыз ету және тұрмыстық қатты қалдықтарды жүйелі шығару. Қала көшелерін арнайы техникалармен сыпыру, жаз мезгілінде жолдарға су себу, қыс кезінде қар тазалау, көктайғаққа қарсы құм-тұз қоспасын себу, жол жиектерін жуу, арам шөптерді отау, қаладағы ағаштарды өктеу, көппөтерлі

және жеке сектор тұрғындарының тұрмыстық қатты қалдықтарын шығару. Мекемеде 500-ден астам адам жұмыс істейді. Мекеме базасында 178 техника бар. Оның 129-ы арнайы техника, 19-ы жеңіл автокөлік, 30-ы тозығы жеткен техника. 2022–2024 жылдары облыстық және қалалық бюджеттен 2 млрд. 257,8 млн. теңге бөлініп, 67 арнайы техника сатып алынды. Нәтижесінде техникалық парк 80%-ға жаңартылды.

Өткен жылы мекемеге 3 млрд. 329,9 млн. теңге кіріс кірді. Санитарлық тазалық қызметтеріне 500 көше қамтылған. Одан 2 млрд. 292,9 млн. теңге кіріс кірді. Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығарудан 1 млрд. 37 млн. теңге түсті.

2025 жылдың қаңтар–желтоқсан айларында полигонға 96 713 тонна қоқыс шығарылды. Күнделікті 268 тонна қоқыс шығады. Төлемдерді уақытылы



өндіріп алу мақсатында заң бөлімі тиісті шаралар жүргізуде.

Мобильдік топ пен полициямен бірлескен рейдтер барысында 21,3 млн. теңгеге 1359 айыппұл салынды.

Қыс мезгілінде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 59 арнайы техника таулік бойы кезекшілікке жұмылдырылды. Қоймада 1157 тонна құм және 223 тонна тұз қоры бар. 270 қызметкер қысқы тазалық жұмыстарына тартылды.

2026 жылға лизинг арқылы 2 млрд. 843 млн. теңгеге 32 техника сатып алу жоспарланған.

Сондай-ақ, қаланың қалдықтарды басқару жүйесін цифрландыру мақсатында

Shalkar Innovations әзірлеген «Waste Management» ақпараттық жүйесін енгізу көзделуде. Бұл жүйе арқылы қалдық тасымалдау маршруттарын GPS арқылы бақылау, абоненттік база мен төлемдерді толық цифрландыру, арнайы техниканың қозғалысын бақылау арқылы тиімділікті арттыру, жанар-жағармай шығынын азайту, автоматты есеп қалыптастыру жүзеге асады.

Қала тазалығын сақтау – ортақ жауапкершілік.

Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Асхат ТОҒЫЗБАЕВ:

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ - БАСТЫ МІНДЕТ

Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы 2025 жылдың 12 айында төтенше жағдайлардың алдын алу, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарды.

Қала аумағында 3 307 нысан есепке алынып, оның 907-сі жоғары тәуекел санатына жатқызылды. Жыл ішінде 139 нысанды тексеру жоспарланып, 99 нысанда профилактикалық бақылау жүргізілді. Нәтижесінде 781 өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзушылығы анықталып, тиісті шаралар қабылданды. Жоспардан тыс 130 тексеру жүргізіліп, заң талаптарын орындамаған 8 нысанға әкімшілік хаттамалар толтырылып, 3 млн. теңгеден астам айыппұл салынды.

2025 жылы қалада 177 өрт тіркелді. Келтірілген материалдық шығын 77,7 млн.



тенгені құрады. Өрттердің басым бөлігі жеке тұрғын үйлер мен автокөліктерде орын алған.

Жыл ішінде 388 әкімшілік шара қолданылып, коқыс өртеу және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу деректері бойынша

айыппұлдар салынды.

БАҚ пен әлеуметтік желілерде 653 ақпараттық материал жарияланып, білім беру мекемелерінде 55 түсіндіру сабағы өткізілді. 3 мыңнан астам оқушы мен мұғалім қамтылды. Алғаш рет жергілікті радиомен бірлесіп, қоғамдық көліктер арқылы өрт қауіпсіздігі туралы аудиохабарламалар тұрақты беріледі.

15 мыңнан астам жеке тұрғын үй араланып, 65 мыңнан астам тұрғынға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік осал топтағы 5 245 отбасы толық қамтылып, 64 автономды түтін датчигі орнатылды.

Қалалық комиссияның 5 отырысы өткізіліп, 11 маңызды мәселе қаралды. Қауіпті учаскелерде арнайы су алу алаңдары (пирстер) жабықталды.

Терезеден құлау деректері 7 жағдайды құрап, барлық оқиғалар бойынша профилактикалық жұмыстар күшейтілді.

Жыл ішінде 968 оқу-жаттығу ұйымдастырылып, төтенше жағдайларға дайындық деңгейі арттырылды. 1582 тұрғынға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қауіпті аймақтарға 56 ескерту тактайшасы орнатылды. Дегенмен белгіленбеген орындарда 2 оқыс оқиға тіркелді.

2025 жылы басқармада 2 758 құжат қаралып, азаматтардан түскен 201 өтініш заңды мерзімінде орындалды.

